



Жүйелі
жұмыстың
жемісті жылы



Ынтымақты елге
ырыс қонады



Қос
боксшымыз –
финалда



• СҮЙІНШІ!

Отандық медицина мерейі

Қазақстан ғылымының тағы бір ірі жетістігі халықаралық деңгейде мойындалды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) халықаралық патенттелмеген атаулар жөніндегі комиссиясы қазақстандық «Арглабин» препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігін ресми түрде растады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы әзірлеген түпнұсқа катерлі ісікке қарсы бұл препарат халықаралық талаптарға толық сәйкес келетін клиникалық зерттеулерден өткен. Жүргізілген сынақтар 3 900 онкологиялық наукастың қатысуымен өткізілген. Зерттеулер нәтижесі «Арглабиннің» клиникалық қолданысқа енгізуге лайық екенін дәлелдеді.

ДДСҰ-ның ресми тіркеуі қазақстандық өндірістің әлемдік медицина нарығындағы беделін арттырып қана қоймай, отандық фармацевтикалық ғылымның жоғары әлеуетін айқын аңғартады. Сарапшылардың айтуынша, халықаралық мойындау жаңа зерттеулерге жол ашып, қазақстандық инновациялық медициналық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыра түспек. «Арглабин» клиникаларда кеңінен пайдалануға рұқсат алып, онкологиялық ауруларға қарсы күресте жаңа мүмкіндіктер береді деп күтілуде.

Газдандыру: Теміртаудың ауасы тазарады

Теміртаудың қос өкпесі ашылмақ. Өйткені, Qarmet газ дәуірінің есігін қақты. Аттай алпыс бес жыл бойы құрыш қаладағы металлургия алпауыты – Qarmet комбинаты алғаш рет өткеннің ауыр жүгін еңсеріп, болашаққа батыл қадам басты. Газға көшу – Теміртау үшін таза ауаға жол, өндіріс үшін жана қарқын. Ал, ел үшін – стратегиялық серпіліс. Жоба – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасынан бастау алған, қаланың тынысын ашуға бағытталған тарихи бетбұрыс.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткеннен келешекке

Теміртау – отанымыздың индустриялық жүрек қағысымен біте қайнасқан қала. Табиғи газ – заманауи технология мен экологиялық жауапкершіліктің сим-

волы ескірген жүйенің орнын басуға келеді. Кокс-домен қоспасы негізгі жылу көзі болған еді бұрында. Өзі өңдеуді талап ететін, әрі өндіріске көптеген шектеулер әкелетін отын еді. Кокс цехындағы кідіріс домна пештерін, ал, домна пештерінің тоқтауы прокат станоктарының жұмысын тежейтін. Бірақ, бәрінен қиыны экология

мәселесі еді. Мазут пен коксты кең көлемде пайдалану атмосфераға үздіксіз зиянды шығарындылар таратты. Қала өндіріс кешеніне тым жақын орналасқандықтан, жағымсыз жағдай тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер етті.

Өйткенмен, өзгеріс уақыты келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

өндіріс ошағын қысқа мерзімде табиғи газға көшіру және экологиялық жүктемені азайту жөніндегі тапсырмасы өндірістегі кең көлемді жаңғырудың қозғаушы күшіне айналды. Қазірде өндіріс алаңдарында жұмыс қызу. Инженерлер мен жұмысшылар газ құбырларын тартып, заманауи жабдықтарды орнатуда. Мамандардың айтуынша, табиғи газға көшу зауыттың барлық өндірістік тізбегіне тұрақты жылу беруді қамтамасыз етіп қана қоймай, қаланың экологиялық ахуалын түбегейлі жақсартуға мүмкіндік береді.

Бүгінге дейін «Сарыарқа» магистральдық газ құбырына қосу жұмыстары сәтті аяқталды. Жүйріктей жүйткіген уақыт. Qarmet үшін арнайы тартылған жаңа газ желісі тірнекті тіршілік құрғатамырына айналмақ. Диаметрі 600-ден 500 миллиметрге дейінгі шамамен 27 шақырым болат құбыр енді комбинатты елорда Астанаға бағытталған магистральмен жалғап тұр. Инфрақұрылымның жүрегі – автоматтандырылған газ үлестіру стансасы. Бұдан өткен газ әрі қарай блоктық үлгідегі газ реттеу пунктін бағытталады. Осы жерден, қан тамырларындай таралып, комбинаттың барлық цехтарына жеткізіледі. Домен, конвертер, прокат болсын, әрқайсысы өз үлесін алады. Тіпті, комбинаттың энергетикалық жүрегі – жылу электр орталығы да жаңа газ жүйесіне қосылмақ. Жабдықтарды монтаждау жұмыстары соңғы кезеге таяды.

– Кеңестік жылдары басты міндет – жоспарды орындау болатын. Ал, зиянды шығарындылар өндірістің «болмай қоймайтын бөлігі» ретінде қабылданды.

► 4-бет

• ДЕНСАУЛЫҚ

Эпидахуал аландатып тұр

Қарағанды облысында эпидемиялық ахуал тұрақты емес. Биылғы 1 қазаннан бері 117 мыңға жуық адам ЖРВИ-мен ауырған. Басым көпшілігі – балалар. Тіпті, осы эпидемиялық маусымда гонконг тұмауын жұқтырғандар жиілеген. Дегенмен, өткен аптадағы жағдаймен салыстырғанда ЖРВИ-мен ауырғандар саны 30 пайызға азайған. Бұл туралы ЖРВИ мен тұмау бойынша эпидемиологиялық жағдай жөнінде Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Юрий Залыгин айтып берді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыл сайын өңірде 350-400 мыңға дейін вирус жұқтыру жағдайы тіркеледі.

– 113 адамда тұмау зертханалық түрде расталды. Оның ішінде, 112 адамда гонконг тұмауы А(Н3N2) анықталса, 1 адам шошқа тұмауымен А(H1N1) тіркелді. Өткен аптамен салыстырғанда ЖРВИ-мен ауырғандар саны 30%-ға азайды. Биыл тұмау вирустары бытырға қарағанда ертерек – қазан айының соңында басталып, өрши түсті. Қазіргі



Сурет: ЖИ

маусымда гонконг тұмауы А(Н3N2) басым, – деді Юрий Залыгин.

Эпидмаусым басталғалы дәрігерлер 750-ден астам сынама алған. Оның 36%-ы тұмаудан басқа вирустар екені анықталды. Олар – риновирус – 40%, парагрипп – 23,5%, боковирс – 16%, аденовирус – 9,3%, РС-вирус – 1,5%, басқа да вирустар аталады.

Ал, балалар арасында да ауырғандар көп. Мәселен, 1 қазаннан 9 желтоқсанға дейін тұмау жұқтырған 13 358 оқушы тіркелген. Сырттану деңгейіне байланысты 13 мектептің 42 сыныбы онлайн оқуға көшті. Өткен аптада 22 мектептің 62 сыныбы он-

лайн форматта оқыды.

Әдетте, тұмаудың алдын алудың бірден-бір жолы – вакцина алу. Бүгінде 176 мыңнан аса адам тұмауға қарсы екпе алған, оның 173 мыңы – жергілікті бюджет есебінен. Департамент басшысының айтуынша, вакцина қазіргі айналымда жүрген А(Н3N2) тұмауынан да қорғайды.

Ал, тұрғындарды індеттен қорғау мақсатында арнайы шаралар ұйымдастырылады. Мәселен, медициналық ұйымдарда ЖРВИ және тұмау белгілері бар адамдарды кіреберістен-ақ тексеретін арнайы сүзгілер қойылды, температура мен тазалық режимі кү-

шейтілді. Ауру көбейетін кезеңге дайындалу үшін қосымша инфекциялық төсек әзірленді, респираторлық белгісі бар науқастар бөлек қабылданады. Мектептерде күн сайын оқушылардың келуі мен ауру жағдайына мониторинг жүргізіледі, таңертең балалардың жағдайы тексеріліп, температура өлшенеді, дезинфекция шаралары сақталады.

Департамент мамандары облыс тұрғындарын ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу шараларын сақтауға шақырды.

Қарағанды облысында тұрғындардың қызылша ауруын жұқтыру жағдайына келсек, биыл 34 адам қызылшамен тіркелген.

– Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 67 есе аз. Ауырғандардың көбі – балалар, олардың 72%-ы вакцинацияланбаған. Оның түрлі себептері бар. Мәселен, екпе алуға жасы толмау, ата-аналардың қарсы болуы немесе медициналық шектеулер. Қызылша – ауа арқылы таралатын өте жұқпалы ауру екенін еске саламын. Вакцина алмаған адам науқаспен байланысса, 100% жұқтырады. Аурудың арнайы емі жоқ, ал ауыр түрінде энцефалит, пневмония, құлақ және тамақ қабынуы сияқты қауіпті асқын аурулары туындауы мүмкін. Оның емі – тек вакцина алу, – деді Юрий Залыгин.

Балаларға қызылшаға қарсы екпе 1 жаста және 6 жаста жасалады. Қажет болғанда қосымша вакцинация да жүргізіледі.

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14 12 ай 27 540,28	10 141,30 20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30 12 ай 12 282,60	5 891,30 11 782,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR
арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

• ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«Сөзжасам» жобасының нәтижесі жарияланды

Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастырумен бастау алған республикада баламасы жоқ «Сөзжасам» пилоттық жобасы өз мәресіне жетті. Ағартушылық жоба өндірістік аймағымызда қазақ тілінің ғылыми-технологиялық, инженерлік-инновациялық әлеуетін дамытуды, оны ғылым тіліне айналдыруды көздейді. Жоба қорытындысы облыстық тілдерді дамыту басқармасында өткен дөңгелек үстелде жарияланды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаны жүзеге асыру барысында лингвистика, филология, педагогика салаларына еңбегі сіңген ғалымдар, сонымен қатар, журналистер мен блогерлер бас қосып, жұмыс тобын құрады. Сарапшылар «Өнеркәсіптегі бір күн» атты іс-шара аясында өндіріс орындарына барып, жұмысшылармен, сала зейнеткерлерімен кездесті. Мақсат – осы уақытқа дейін өндіріс орындарында қазақ тіліне тәржімаланбаған құрылғы, қондырғы атауларын қазақшалау. Лингвистикалық экспедиция нәтижесінде ұсынылған жаңа сөздерді жұмыс тобы отырысында талқылап, сүзгіден өткізді. Қорытынды жиында облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей бірегей жобаның маңызына тоқталды.

Бұл – республикада баламасы жоқ пилоттық жоба. Ірі кәсіпорындар шоғырланған аймағымыз үшін бұл өте маңызды. Негізгі мақсаты – қазақ тілінің ғылыми-технологиялық, инженерлік-инновациялық әлеуетін дамыту, өнеркәсіп саласында қолданылатын терминдердің қазақ тіліндегі сапалы баламасын табу, жүйелеу. Соның арқасында қазақ тілінің лингвистикалық әлеуетін дамыту, қолданыс аясын кеңейту, «Сөзжасам» арқылы қазақ тілінің сөздік қорын молайту, өндірістік, ғылыми-техникалық, IT, тағы да басқа салалар бойынша жаңа терминдер түзу. Жоба нәтижесінде 200-ге жуық термин қарастырылып, соның 75-і қазақ тіліне бейімделді. Бұл терминдер республикалық терминология комиссиясына жолданады. Кәсіпорын мамандарымен кездесу барысында сала терминологиясының жүйеленбегені, оқу-әдістемелік базасының жетілмегені анықталды. Жобаның басты мақсаты – жаңа терминдерді ойлап табу

«Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады»
Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінен



ғана емес, соларды өнеркәсіпте, ғылымда қолдану мәдениетін қалыптастыру және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тілдік бірзділікті орнықтыру, – деді Әлібек Әлденей. Жалпы, әлемде 7 мыңнан астам тіл бар. Соның ішінде қазақ тілі кең қолданылатын 200 тілдің қатарына кіреді. Бұл – зор әлеует. Егер тілімізді заманауи ғылыми-техникалық терминдермен толықтыра түссек, оның мүмкіндігі, қолданыс аясы кеңейе түсетіні анық. Мәселен, Cambridge Dictionary қорына былтырғы жылы 3 мыңнан аса жаңа сөз енген. Осылайша ағылшын тілі әлемдік деңгейде дес бермей келеді. Жиында сөз алған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы, белгілі ғалым Ербол Тілешов: – Жұмыс тобы мемлекеттік тілдің ғылыми және кәсіби ортада орнығуын көздеді. Өте сауатты, кәсіби деңгейде зерттеу жүргіздік. Бұл терминдер алдағы уақытта техникалық бағыттағы жоғары оқу орындарында қолданылуы керек деп есептеймін. Технология үздіксіз дамып жатқан бүгінгі заманда терминология ғылымы ерекше мәнге ие. Өйткені жаңа салаларға сай жаңа атаулар қалыптастыру – тілдің заманға бейімделуінің басты тетігі, – деді. Жазушы, баспагер, «Комментатор сөздігінің» жауапты редакторы Арман Әлменбет те өз пікірін білдірді.

Илияс Жансүгіровтің бір керемет сөзі бар. Ол «Абай өзі тіл жасаған ақын емес, елінің тілін толық пайдаланған ақын» дейді. Бұл – басты ұстаным болуы керек. «Сөзжасам» жобасы да осыны көздейді. Демек, жаңа сөз түзуде қазақ халқының батырлар жырына, жалпы әдебиетіне жүгінген абзал. «Комментатор сөздігін» жасау кезінде дәл осы әдісті пайдаландық. Күрес спортына қатысты сөздерді күрес туралы жазылған шығармалардан таба аласыз, – деді Арман Әлменбет. Жиын барысында зерттеу жұмыстары нәтижесінде анықталған мәселелерді шешу жолдары ұсынылды. Соның ішінде, «Түрлі өнеркәсіп, соның ішінде тау-кен саласы терминдеріне» қатысты жоғары оқу орындарында салалық терминология курстарын енгізу, өндірістік стандарт пен техникалық құжатты толықтай қазақшалау, қоғамдық ортаның терминологиялық сауатын арттыру ұсынылды. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей мен Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы, белгілі ғалым Ербол Тілешов арнайы жәшікке салтанатты түрде 75 жаңа сөз жазылған конвертті салды. Басқосу соңында жобаның

табысты өтуіне үлес қосқан сарапшыларға сый-құрмет көрсетілді. Атап айтсақ, белгілі тарихшы ғалым, этнограф, облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі мемлекеттік архивінің басшысы Темірғали Аршабеков, Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры Мархабат Тұрсынова, Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессор-ассистенті Азат Бабашов Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен марапатталды. «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі Шахтинск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Сәуле Ибраеваға табысталды. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуді көздейтін «Сөзжасам» жобасы келесі жылы да жалғасын таппақ. Ендігі кезекте жоба аясында қазақ тіліне бейімделген терминдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ел арасында насихаттау. Бұл қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп қана қоймай, оны ғылым мен өндіріс саласында тиімді қолдануға жол ашады.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Татулық тұғыры



Қоғамдық келісім мен ел бірлігінің тамыры тереңге тартып, уақытпен бірге жаңғырып отыратыны белгілі. Биылғы жыл дәл осы құндылықтардың салмағын айшықтаған ерекше кезең болды. Конституцияның 30 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы және Желінің 80 жылдығы – ел тарихындағы үш үлкен белес бір арнаға тоғысып, аймақ көлемінде атқарылған жұмыстардың мазмұнын байғта түсті. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикеновтің төрағалығымен өткен қорытынды жиында мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар өкілдері бас қосып, жыл бойы жүзеге асқан игілікті бастамаларды саралап, елдік мүддені айқындайтын жаңа бағыттар төңірегінде келесі ой өрбітті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыл бойы өңірде ел бірлігін нығайтуға бағытталған 3000-нан астам іс-шара өтіп, түрлі форматтағы бастамалар жүзеге асырылды. Бұл іс-шаралардың әрқайсысы патриотизмнің парқын сезіндіріп, қоғамдағы сенім мен келісім кеністігін кеңейтуге ықпал етті. Қоғамдық тұрақтылықтың берік іргетасы тек мемлекеттік органдардың ғана емес, азаматтық сектордың, этномәдени бірлестіктердің, ардагерлер ұйымдары мен жастар қозғалыстарының да бірлескен еңбегі арқылы қалыптасатыны мәлім. – Мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылын күшейту – қоғамдық тұрақтылықтың басты шарты. Біздің міндетіміз – бастамаларды қолдап, халықтың әлеуметтік жобаларға қатысу мүмкіндігін кеңейту. Биыл бұл бағытта айтарлықтай жұмыс атқарылды, – деді ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

Жылдық жұмыстардың құрылымы мен мазмұнын айқындайтын деректер де көңілге қонымды. Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында еңбек адамының мәртебесін арттыруға бағытталған кең көлемді ақпараттық науқан жүзеге асты. «Бір күн жұмысшы өмірінде» атты бейнежобалар циклі, өңір қалаларында салынған муралдар, тақырыптық айдарлар – еңбек мәдениетін насихаттаудың тиімді құралдарына айналды. Жеңістің 80 жылдығын атап өтудің алғашқы қадамдары биыл ғасырлық межеге толған соғыс ардагерлері Қали Аманбаев пен Камали Дүйсембековтің мерейтойларын ұлықтаудан басталды. Облыста бүгінде 6 соғыс ардагері және 2 670 ардагерлерге теңестірілген азамат тұрады. Олардың ішінде, 10 – Ленинград блокадасының куәгері, 27 – қонысқа тұтқын, 105 – ардагерлердің жұбайлары және 2528 – тыл еңбеккерлері бар. Жыл басынан бері 2 979 азаматқа мерейтойлық медальдар табысталды. Әлеуметтік қолдаудың түрлі тетіктері іске асырылды.

Ардагерлердің тұрмыс жағдайына мониторинг жасалды, коммуналдық төлемдерден босату шаралары жүзеге асты, медициналық көмек түрлері онтайландырылды. Бұдан бөлек, 20 ардагер «Жартас» шипажайында емдік-сауықтыру қызметін алып, денсаулығын түзуге мүмкіндік алды. «Қоғамдық келісім» КММ директоры Гүлнара Касембаеваның баяндамасы мерейтойлық жылдағы Ассамблея жұмысының ауқымын айқын көрсеткен мазмұнды тұстардың бірі болды. Оның айтуынша, биыл өңірде ҚХА-ның 30 жылдығына арналған 1500-ге жуық іс-шара өтіп, 51 мыңнан астам адам қамтылған.

ҚХА-ның 30 жылдығы – тек тарихқа шегініс емес, оның қоғамдағы ролін жаңа қырынан пайымдау кезеңі. Біздің міндетіміз – этносаралық келісім моделін жаңғыртып, оны болашаққа бағытталған нақты жобалармен толықтыру. Ассамблея құрылымдарының жұмысы барлық қала мен ауданда бірдей қарқынмен жүргізілді. 19 негізгі жоба бойынша бастамалар жүзеге асып, олардың әрқайсысы қоғамның түрлі тобына бағытталған нақты нәтижелер берген. Биылдың мазмұны да, нәтижесі де бұрынғыдан әлдеқайда кең, – деді ол өз сөзінде.

Гүлнар Қалиқызының айтуынша, Ақсақалдар кеңесінің жұмысы биыл ерекше серпін алған. Сонымен қатар, Аналар кеңесі де биыл 200-ден астам ірі іс-шара өткізіп, отбасы құндылықтарын дәрiптeйтiн мазмұнды жұмыстар атқарған. Ал, 20 дәріханамен жасалған «Жасыл сертификат» меморандумы – қоғамның денсаулығын қорғауға бағытталған стратегиялық қадам. Ассамблеяның және этномәдени бірлестіктердің қайырымдылық бастамаларын үйлестіретін «Жомарт Жан» орталығы биыл 113 қайырымдылық шарасын жүзеге асырып, жалпы сомасы 88 млн теңгеден асатын қолдау көрсеткен. Мерейтойларға толы биылғы жыл өңірде қоғамдық келісім саясатының нақты нәтижесін көрсетіп, ортақ мақсатқа жұмылған ұйымдардың үйлесімді еңбегін айшықтады.

Құқықтық сауаттылық қажет

Қарағандыда «Заң және тәртіп» қағидаты аясында облыс прокуратурасы жанындағы Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің аймақтық бөлімшесі – Экономикалық тергеу департаментінің Жобалық кеңсесі ұйымдастырған «Құқықтық тәртіп әліпбиі» акциясы өтті. Шараға облыстық мәслихат депутаттары, БАҚ өкілдері, блогерлер, қоғамдық және жастар ұйымдарының мүшелері қатысты. Қонақтар экономикалық тергеу департаментінің бөлімшелерінің күнделікті жұмысымен танысып, ведомствоның өңірдегі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды ролін өз көзімен көрді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, акция жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттерінің қаржылық сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған «Қаржы сақшысы» компьютерлік оқыту ойынымен бірге өткізілді. Бұл шара жастарға заң мен тәртіпті



сактау жауапкершілігін түсіндіруге арналған. Жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттері бұл ойынды компьютерге немесе ноутбукке жүктеп, қаржылық қауіпсіздіктің негізгі дағдыларын интерактивті түрде меңгереді. Заң талаптарына сәйкес дұрыс шешімдер үшін ойыншыларға бонус беріледі. Ал, қателіктер үшін ұпай шегеріледі. Қорытынды бойынша ең жоғары нәтиже көрсеткен 10-11 сынып оқушылары бағалы сыйлықтармен марапатталады. – Барлық іс-шаралар қоғамда құқық пен тәртіпке құрметті қалыптастыруға, азаматтардың мем-

лекеттік және құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыруға, азаматтық белсенділікті дамытуға, қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған. Біз қоғаммен ашық диалог орнату арқылы жастарды құқықтық мәдениетке баулып, олардың қаржылық сауаттылығын арттыруға күш салудамыз. Бүгін сіздер Қаржылық мониторинг агенттігі қызметкерлерінің жұмысымен танысып, олардың экономикалық және қаржылық қылмыстарға қарсы қалай әрекет ететінін көрдіңіздер. Бұл шара профилактикалық мақсатпен қатар, жастар мен қоғам арасында сенімді нығайтып, мемлекеттік органдар-

дың ашықтығын көрсетуге бағытталған, – деді Қарағанды облысы прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов. Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті басшысының орынбасары Ержан Өтебаев ведомство жұмысының негізгі бағыттары мен жетістіктері жөнінде тарқатып айтты. Биыл өңірімізде қаржы пирамидаларының құрбандарына шамамен 60 миллион теңге қайтарылды. Бұл қылмыстық әрекеттер агенттік қызметкерлері тарапынан ерте кезеңде анықталып, дер кезінде тоқтатылды. Бұдан

бөлек, қаржылық барлау бөлімі күдікті операцияларды анықтау арқылы елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Біз тұрғындарды қаржылық қауіптерден сақтауға және жоғары зияткерлік құқықбұзушылықтарды анықтауға ерекше мән береміз, – деді ол. – Құқық қорғау органдарының жұмысын тұрғындар көзімен көріп, тікелей эфирде бақылап келеді. Азаматтар заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау үшін қандай шаралар қабылданып жатқанынан хабардар. Бұған дейін полиция департаменті және прокуратура жұмысымен етене танысқан еді. Бүгін экономикалық тергеулер департаментіне келді. Бұл алдағы уақытта да жалғасалды, – деді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов. Облыстық мәслихаттың депутаты Абай Қалықов ойынды қолдауға және оны одан әрі дамытуға дайын екенін атап өтті. – Бұл ойын балалар үшін арнайы әзірленген. Өте қызықты, танымдық әрі қажет дүние. Бағдарламаны смартфонға да жүктеу мүмкіндігін қарастыру қажет. Себебі, қазіргі нұсқасы тек компьютерге арналған. Біз, депутаттар корпусы, бұл бастаманы қолдауға, марапат қорын қаржыландыруға

дайынбыз. Ойынды 8 сыныптан бастап, барлық оқушылар арасында өткізу керек. Өткені, қаржылық сауаттылықты ойын арқылы үйрену дәрістен гөрі тиімді әрі қызықты. Жастарға қаржылық қауіптерді түсіндіру, заңды шешім қабылдауды үйрету – олардың болашақтағы қаржылық тұрақтылығы үшін маңызды, – деді Абай Қалықов. Жиынға қатысқан қоғам өкілдері ашық форматтың құқық қорғау органдарының жұмысын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретінін, сенімді нығайтып, азаматтарды заңдылықты сақтауға белсенді қатысуға ынталандыратынын атап өтті. – Заң мен тәртіп – ең алдымен, барлық мемлекеттік органдардың халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру жөніндегі жұмысы. Осы ретте, қоғаммен конструктивті диалог үшін ведомстволардың ашықтығын қамтамасыз ету аса маңызды. «Құқық тәртібі әліпбиі» акциясы профилактикалық шаралардың маңызын тағы бір мәрте көрсетті, өңірдегі құқықтық мәдениетті нығайтуға және жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға үлес қосады, – деді Ержан Өтебаев.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Жүйелі жұмыстың жемісті жылы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізді жаңғыртуға бағытталған саяси бағыты 2025 жылы Қарағанды облыстық мәслихатының жұмысын жаңа сапалық деңгейге көтерді. Президент Жолдауында қойылған міндеттер мен ұлттық реформалардың өзегіне айналған әділет, ашықтық және тиімділік қағидаттары мәслихаттың жыл бойғы қызметінің темірқазығына айналды. Ел тұрғындарының әл-ауқатын көтеру мен аймақты дамыту сынды өзекті мәселелер тоғысқан тұста депутаттық корпус шешім қабылдаушы ғана емес, өзгерістерді алға сүйреуші күш, қоғам мен биліктің арасындағы сенім көпірі ретінде маңызды миссия атқарды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дамудың жаңа бағдары

2025 жыл – облыстың жаңа стратегиялық кезеңі басталған, кешенді жоспарлар бекітіліп, заманауи инфрақұрылымның іргесі қаланған, әлеуметтік саясат жаңа мазмұнмен толыққан жыл. Мәслихат осы өзгерістердің барлығында негізгі үйлестіруші, қоғам мүддесін жеткізуші және бақылаушы орган ретінде айқын әрі белсенді рөл атқарды.

Жыл бойы мәслихат өңірдің дамуына бағытталған шешімдерді қабылдауда жоғары қарқын көрсетті. Атап айтсақ, 11 сессия, 101 шешім, оның ішінде 23 нормативтік-құқықтық құжат – бұл нақты атқарылған жұмыстың сандық көрінісі ғана. Ал, оның сапалық мазмұны өңірдің болашағына негіз болған маңызды бастамалармен толыққанын да атап айту керек.

Су ресурстарын тиімді басқару – облыстағы өзекті мәселенің бірі. Осыған байланысты ауызсу тарифтері, су пайдаланудың жаңа ставкалары бекітіліп, суармалы жүйені жақсартатын ережелер қайта қаралды. Мұндай қадамдар халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталды.

Қала аумақтарын жоспарлау – биылғы қарқынды жұмыстың айрықша бөлігі. Қарағанды, Бұқар жырау, Абай өңірлерінің әкімшілік-аумақтық шекаралары өзгертіліп, Қарағанды агломерациясын 2029 жылға дейін дамыту

жоспары мақұлданды.

– Ең маңызды шешімдердің бірі – Қарағанды қаласын дамытудың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарының бекітілуі. Бұл құжат – қаланың келбетін түбегейлі өзгертетін стратегиялық бағдар. Депутаттар 50-ден астам ұсыныс енгізіп, олардың басым бөлігі ескерілді. Қала аумағы Көкпекті және «Сары-Арқа» әуежайы есебінен 50 мың гектарға кеңейтілді. Бұл жаңа тұрғын аудандарды, өнеркәсіптік аймақтарды, әлеуметтік инфрақұрылымды сапалы жоспарлауға жол ашады – деп атап өтті облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов.

Әлеуметтік бастамалар – ел игілігіне

Сонымен қатар, 2025 жыл әлеуметтік саясатта жаңалық пен нақты нәтижелерге толы болды. Мәслихат өңірдің транспорттық қолжетімділігін арттыру мақсатында 48 әлеуметтік маңызы бар автобус бағытын және 8 теміржол қатынасын бекітті. Жаңа «Қарағанды-Балқаш» бағытының іске қосылуы – Балқаш маңындағы елдімекендер үшін маңызды шешім. Енді, аталған бағыттағы автобус Ақтоғай ауданы орталығы ауылының үстінен өтеді.

Бұдан бөлек, медициналық көмек сапасын арттыру бағытында амбулаторлық тегін дәрілер тізімі 25 атаумен толыққан. Бұл – сирек кездесетін орфандық аурулармен ауыратын қажетті препараттарды қолжетімді етеді. Ал, ауылдарға баратын медицина қызметкерлеріне көтерме жәрде-



мақының 8,5 млн теңгеге дейін өсуі ауыл медицинасына жаңа серпін бергені анық.

Балаларға арналған паллиативтік көмек жүйесі ерекше назарда болды. Мәслихаттың бастамасы арқасында алғаш рет балаларға паллиативтік көмек көрсету стандарты әзірленіп, нәтижесінде облыста «Қазақстан халқына» қоры қаржыландыратын еліміздегі алғашқы Модельдік орталық салынатын болды.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы өзгерістер де ерекше. Облыстық мәслихат депутаттарының бастамасымен күзиретті министрлік жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері 912 мың теңгеге дейін екі есеге арттырып, депутаттық корпустың ұсынысы негізінде, өңірде 92 медициналық нысанның (ФАП-тар мен медпункттер) құрылысы және жөндеуі жүргізілуіне байланысты медицина қызметкерлеріне қажеттілік туындайды деп болжағандықтан, гранттар білім беру саласынан денсаулық сақтау саласына қайта бөлінді. Бұл

өңірдің медицина саласындағы кадр тапшылығын азайта түседі деп күтілуде.

Облыстық мәслихат депутаттарының бастамасымен, аудандық және қалалық мәслихат депутаттарының қолдауымен шағын және орта бизнеске қолдау ретінде бөлшек сауда салығының мөлшерлемесі 4%-дан 2%-ға дейін төмендетіліп, 4 мыңнан астам кәсіпкерге айтарлықтай жеңілдік жасалыпты.

Жөндеу жүргізіліп жатқан 70-тен астам әлеуметтік нысанды аралап, депутаттар сапаны бақылауды күшейту жөнінде ұсыныстар берген. Бұл ұлттық жобалардың өңірде сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз етеді.

Экология, туризм және инфрақұрылым

Экология мәселесі – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген басым бағыттардың бірі. Мәслихат биыл қоршаған орта жөніндегі жоспардың орындалуы туралы есепті бекітіп, оны жаңарту арқылы өңірдің экологиялық

саясатын жаңа деңгейге шығарды. Табиғатты қорғау бойынша 82 іс-шараның жүзеге асуы – ұзақ мерзімді оң өзгерістердің бастауы. Еліміздің экологиялық мәдениетін көтеруді көздейтін «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы бойынша өңірлік жоспар бекітіліп, депутаттар оның тиімділігін арттыру үшін нақты ұсыныстар айтып, экология мәселелерін жұртшылықпен бірге талқылау дәстүрге айналып үлгерген.

Сонымен бірге, туризм саласы да биыл айтарлықтай назарға ие болды. Мәслихат туристік инфрақұрылымды дамытуды, визит-орталықтар ашуды, туристік аймақтарды стандарттауды, жолдар мен транспортты жақсартуды қолдады. Алдағы екі жылға арналған Жол картасын дайындау – саланы жүйелі дамытуға бағытталған оң қадам.

Қоғамдық сананы күшейткен формат

Биыл қоғаммен байланыс одан әрі жандана түсті. – Мәслихаттың 34 комис-

сия отырысы, 27 мемлекеттік орган басшысының есебі, 100-ден астам ұсыныс – бұл қоғамды шешім қабылдау процесіне кеңінен тартқанын көрсетеді. Тұрғындармен байланыс та жүйелі жүргізілді. Атап айтсақ, 263 жеке қабылдауда 604 азамат қамтылды. Ал, 168 депутаттық сауалдың жартысынан көбі оң шешім тапты. Облыстық Қоғамдық кеңеспен бірлескен жұмыс бюджет ашықтығын күшейтті. Бюджет жобасы мәслихатқа түспестен бұрын қоғам талқысынан өтеді. 129 депутаттық бастаманың 62-сі бюджетке енгізілуі – қоғамдық ұсыныстың нақты іске асуының айқын дәлелі, – дейді Нұркен Кобжанов.

Сондай-ақ, сессиялар онлайн көрсетіліп, депутаттар БАҚ-та, әлеуметтік желілерде де белсенділік танытқан. «Таза Қазақстан» акциясы, қайырымдылық шаралар, параспортты қолдау – бұл депутаттардың аудан-ауданды аралап, халықпен тікелей жұмыс істегенін аңғартады.

2025 жыл – облыстық мәслихаттың жұмысы пәрменді шешімдермен, жаңашыл бастамалармен, әлеуметтік қолдаулармен, стратегиялық жобалармен толыққан кезең болды. Президент бастамаларын жергілікті деңгейде іске асыруға бағытталған әрекеттер өңірдің жаңа даму кезеңін қалыптастыруға негіз қалады.

Мәслихат – қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезінетін, шешімді ашық қабылдайтын, әр тұрғынның үніне құлақ асатын орган. Қабылданған шешімдердің барлығы нақты іске асып, өңір тұрғындарының игілігін арттыруға бағытталып жатқанын атап өткен жөн.

Алда – жаңа жоспарлар, жаңа мүмкіндіктер және бірлескен еңбектің жаңа нәтижелері. Мақсат ортақ – өркендеген өңір, халық игілігі.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• СЕССИЯ

Әлеуметтік саланың әлеуеті артады

Облыстық мәслихат депутаттары алдағы үш жылға арналған облыс бюджетінің жобасын мақұлдады. Жоспарланған құжат аймақтың әлеуметтік бағытын күшейтуге негізделіп, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған салаларға басты назар аударылған. Жалпы қаржы көлемінің 64,6 пайызы әлеуметтік блокты дамытуға арналған. Бұл қаражат білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау шаралары, инфрақұрылым сапасын жақсарту және тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған жобаларға жұмсалады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

2026-2028 жылдарға арналған жоба облыстық бюджет комиссиясының, облыс әкімдігінің және Қоғамдық кеңестің отырыстарында жан-жақты қаралды. Сонымен қатар, ол бес салалық комиссияда және облыстық мәслихаттың барлық тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында, бюджеттік бағдарламалардың барлық облыстық әкімшілері мен өңір өкілдерінің қатысуымен егжей-тегжейлі талданған.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Людмила Башаринаның айтуынша, жалпы қазына көлемінің 64,6%-ы әлеуметтік салаға бағытталады. Нақты экономиканы қолдау мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ, бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға 23,4% қаражат бөлінетін болады. Құдық қорғау қызметін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу, азаматтық қорғауды ұйымдастыру және пробация қызметінің жұмысын қаржыландыруға 5% жоспарланған. Ал, жалпы мемлекеттік шығыстарға бюджеттің 6,2%-ы қарастырылған.

Әлеуметтік-мәдени даму және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрағасы Қадияша Оспанова депутат тек дайындалған бюджет жобасын талқылап қана қоймай,

оны алдын ала құру кезеңінде де белсенді қатысқанын хабарлады. Талқылау барысында халық қалаулылары 25 бастамашылық ұсыныс енгізген. Оның 20%-дан астамы 2026 жылға арналған бюджетте ескеріліп, қалғандары кейінгі жылдары жүзеге асыруға жоспарланып отыр.

Депутаттар бірқатар маңызды әлеуметтік мәні бар мәселелерді көтерді. Атап айтсақ, салық салынатын базаны кеңейту, білім беру ұйымдарында жөндеу жұмыстарын жүргізу, спорт және білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, денсаулық сақтау саласын қамтамасыз ету, жастар саясатын дамыту, ақпараттандыру және басқа да бірқатар бағыттарды дамыту мәселелері қаралды.

– Облыс бюджетінің жобасы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының басымдықтарына негізделіп, тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге, халықтың өмір сапасын арттыруға, инфрақұрылымды дамытуға және жергілікті өзін-өзі басқару әлеуетін нығайтуға бағытталған. Депутаттар бюджеттің негізгі бағыттары бойынша шығыстарды қарады. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, инфрақұрылымдық жобалар, кәсіпкерлікті қолдау және ауылдық аймақтарды дамытуды көздейді. Әсіресе, бюджеттік тәртіпке, шығындарды оңтайландыруға, бюджеттің теңгерімділігіне және қалалар мен



аудандарға жеткілікті деңгейде трансферттерді қамтамасыз етуге баса назар аударылған, – деді Қадияша Оспанова.

Жергілікті атқарушы органдар мен депутаттық корпус алдындағы негізгі міндет – бюджетті Мемлекет басшысы қойған тапсырмалар мен міндеттердің уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ететіндей қалыптастыру. Бұл қаражатты өңірлерде сұранысқа ие және жергілікті дамуға ең тиімді жобаларға бағыттауға мүмкіндік береді. Осындай механизм үкілетті органдардың жауапкершілігін арттыруға және салалық даму басымдықтарын дұрыс айқындауға ықпал етеді.

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларына қаражат нормативтік талаптар шеңберінде белгіленген, қосымша ресурстар тек жұмыс жағдайын жақсарту және қызмет сапасын арттыруға бағытталуы тиіс. Мемлекеттік бағдарламалар бизнестің және халықтың тұрақты қолдау

алуын, саланың біртіндеп дамуын қамтамасыз етуі қажет.

Аймақта инвестиция тартуды және кәсіпкерлік белсенділікті, соның ішінде, мемлекеттік-жеке-шелік әріптестік (МЖӨ) арқылы дамыту қажеттігі бар. Бюджеттік қаражатты сапалы жоспарлау мен тиімді пайдалану ерекше назарға алынуы тиіс.

Сонымен қатар, 2026 жылы облысқа республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер мен бюджеттік кредиттер бөлінуі жоспарланып отыр. Трансферттерді бөлу жергілікті бюджеттердің теңгерімділігін қамтамасыз етеді. Республикалық бюджет қаражаты есебінен жылу және газбен жабдықтау саласындағы жобалар, сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешенін кредиттеу арқылы қолдау көрсетілетін болады.

Өз кезегінде депутаттар 2026-

2028 жылдарға облыстық бюджет пен аудандар мен қалалардың бюджеттері арасындағы жалпы трансферттер көлемі туралы шешім жобасын мақұлдады. Бұл трансферттер бір-бірімен өзара байланыста болады. Аудандар мен қалалар бойынша олардың көлемін анықтау кезінде өңірлердің өз кірістері мен шығыстары ескеріліп, жаңа Бюджет және Салық кодекстерінің енгізілуі есепке алынды.

Осы құжаттарға сәйкес, 2026 жылдан бастап, өңірлердің бюджеттеріне корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығы бойынша түсімдер толық көлемде беріледі. Ал, әлеуметтік салық бойынша түсімдер 50% көлемінде белгіленген.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ, АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ МҰХТАР АЛТЫНБАЕВ – 80 ЖАСТА

Сардар

Ерсін МУСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құлақүй немесе бастау

Осы ғұмырымда екі генералмен тіл-десіп көріпін. Екеуімен де жүздескенмін. Екеуінің де қарапайымдылығына тәңгі болып, боямасыз болмысына бас ідім.

Бірі – Халық Қаһарманы, қазақтың тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіров. Токтар ағамен жиі хабарласамын. Ғарыштан оралған кезінде Жезқазған әуе-жайында ат үстiнен арнау айтып, қарсы алғаным өмірiмнің ең шуақты сәттерiнiң бiрi едi. Одан кейiн бетпе-бет отырып, сұхбат алу бақыты бұйырған. Әлi күнге хабарласып, дидарласып тұрамыз.

Екiншiсi де – Халық Қаһарманы, армия генералы, жерлесiмiз Мұхтар Алтынбаев. Мұхтар ағамен атамекенi Ұлытауға келген сәтiнде жүздескенiм болмаса, жақын жуысып, әңгiмелесудiң сәтi түспептi. Кеше телефонмен сөйлестiм. Аты аңызға айналған генерал тұрмақ, өзiмiз де кейде бөтен номерден соғылған қоңырауға жауап бермей қалатынымыз бар ғой. Оның үстiне, генералдың мерейтойлық шаралары қызған уақыт. Қонақтары бар, мерей-той бағдарламасы да тығыз шығар... «Жауап бере қояр ма екен?» деген күдiкпен қалтафон нүктесiн бастым. Арғы жақтан «Алло!» деген генерал үнi гүр ете қалсын. Абдырап қалдым. Әскери адам ғой, былжырап тұрғанымды жақтыра қоймас дегендей, бұйымды да, ойымды да жинап үлгердiм-ау. Бұқпантайламай, аңыз ағаны мерейтойымен құттықтап, бұйымтайымды айтып жатырмын.

Желiнiң арғы жағындағы қоңыр үн, байсалды болмыс, қарапайым қалып, кемел кiсiлiк генералдың екi-ақ ауыз емеуiнiңен аңғарылды. Алайда, әңгiмемiз келте шықты. Табиғаты мақтануды қаламайтын, өзiн дәрiптетеуе дәтi бара бермейтiн парасатты ағаның бар айтары:

– Айналайын, бiздiң буынға ел Тәуелсiздiгiнiң алғашқы кезеңiндегi тарихи жауапкершiлiк жүктелдi. Қазақстан Тәуелсiздiгiн жариялаған уақытта мен сырт елде – ТМД Қарулы Күштерiнiң құрамындағы Түркiменстан дивизиясында командир болатынмын. Өз елiмнiң Ұлттық армиясы жасақталғанша сол жақта қызмет еттiм. Елге арнайы шақыртумен 1992 жылы наурыз айында оралдым, – деп басталып, еңбек жолының Қарағанды шахтасында басталғанымен жалғасты да, Ресей Қарулы Күштерiнiң Қазақстан жерiнен заңсыз шығарылған әскери техникаларын қайтару iсiне белсене қатысқанымен тәмамдалды.

...Талай кейiпкермен сұхбат құрып, сыр бөлiсiп жүрмiз ғой. Өзi жайлы көсiле сөйлеп, көпiре мақтанатын көкездер туралы да жаздык. Алланың ырқындағы жұмақ пен тозақтан басқа әлемнiң кiлтiн бiр өзi ұстағандай мақтанатындарды да мадақтадық. Ал, «Еңбек етсек, қызмет қылсақ, тиiстi еңбекақымыз бен лайықты марапатымызды алдық. Бiрақ, тау қопарып, тас шайнадым деп мақтанбаймын. Иә, мемлекет жүктеген жауапкершiлiктi жан-тәнiмiзбен сезiнiп, сол деңгейде қызмет атқарғандықтан шығар, шүкiр етерлiк азды-көптi абыройға кенелдiк. Мен үшiн өмiрдiң бақыты – адал еңбекпен келген абырой», – дегеннен әрiге бармай, қарапайымдылықты қазық еткен Мұхтар Қапашұлы секiлдi кемел кейiпкерден айналып кетпейсiң бе?

Мұхтар ағаның келте жауабы мен мақтануға сараңдығының өзiнен көп нәрсе аңғаруға болар едi. Телефонның арғы жағынан сардар тағдырының тарам-тарам жолдары да, елiн елжiрей сүйiген жүрек-тiң лүпiлi де еркiн аңғарылады. Бопсаға ырық бермеген болат болмыс, антына адал, сертiне берiк тұлғаның тұғыры.

Бақандай 22 жыл елден жырақ жүрсе де, қаймағы бұзылмаған қазақ қалпы... Қатардағы сарбаздан аңызға айналған сардарға дейiнгi жолындағы әскери өмiрi... Жұмыр жүрегiнiң жұмсақтығы, қарттыққа шалдырмаған сергектiгi менмұңдалап тұр.

Генерал Алтынбаевтың тағдырымен тел өрiлген Тәуелсiздiк жылнамасы, шекара шегендеудегi тарихи шешiм, жас мемлекеттiң қорғаныс әлеуетiн арттыру мекхнаты, кеңестiк жүйеде кеткен есемiз бен еншiмiздi қайтарудағы табандылық желiдегi қоңыр да, қатқыл үнмен санама сiңiп, жанымды жаулап, қазақ қаһарманының жарқын бейнесiне айналып бара жатты...

Самғау немесе шыңырауда шыңдалған арман

Арман адастырмайды. Бала күнгi аңсар көңiл арманға жетелесе, табандылық арманға жеткiзедi.

Бала күнiнен ұшқыш болуды армандаған Мұхтар аға – арманына сол табандылықтың арқасында қол жеткiзген адам. Арман жетегiнде Қарағандының әуесқойлар аэроклубына мүше болып, шағын ұшақпен көкке көтерiлiп те көрген. Қыран қазақ Токтар Әубәкiровпен де осы аэроклубта танысыпты. Қанаттас бауырының ерекше өжеттiгi мен аяулы арманын сол кезде таныған. Ал, XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы Қарағанды аэроклубы қазақтың болашақтағы қос қыранын баптаған ұясы болғанын ол кезде ешкiм сезген жоқ едi...

Алғашқы самғау сапарларында балаң киялына да қанат бiгiп, тұңғыш рет асақтық, биiк мақсат, аласармау секiлдi адами құндылықтар туралы ой түйе бастады. Ойында – асқақ арман, бойында – табандылық. Мiне, бүгiнгi сардардың шыққан биiгi осылайша Қарағанды аэроклубында басталып, шахтаның шыңырауында шыңдалған.

...Мұхтар Қапашұлы Алтынбаев – қазыналы Қарағандының төл перзентi. Әкесi Қапаштың атамекенi Ұлт бесiгi Ұлытау болғанымен, Мұхтар аға Қарағандыда туыпты. 1945 жылы 10 желтоқсанда қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген. Қазақ орта мектебiн бiтiрiп, еңбек жолын 17 жасында шахтада бастайды.

Жiгерлi азаматтың жетi қат жердiң астынан жетi қат көкке көтерген арманның күдiретiнде шек жоқ екен. Әр ауысымға түскен сәттерiнде шыңырауға құддилап бара жатып, көгiлдiр көкте қыранша самғайтын күндерiн аңсайтын. Шахтадағы ауыр еңбек пен кен окпанындағы (забой) қара түнек арманшыл жанның жiгерiн жасытып, арманын аласарта алмады. Қол еңбегiмен шыңдалған сайын алыстағы арманына деген аңсары бөсендеген жоқ. Ауысым соңында жер бетiне көтерiлiп келе жатып ғарышқа самғап келе жатқандай күй кешетiн. Балаң шағынан жүрегiне жөргектелiп, бойына бекiнiп алған арманын аялап, шахтада алты жыл кен қопарды.

Шахтада екi жыл iстеген соң, мiндеттi әскери қызметке шақырылып, арманына бiр табан жақындағандай болған. Саптағы сарбаз Куйбышев (қазiргi Самара) қаласындағы авиа оқу-жаттығу орталығында азаматтық борышын өтедi. Осы орталықта «МиГ-15», «МиГ-17» әскери ұшақтарын тiзгiндеп, бiр жылдан соң кiшi лейтенант әскери шенiмен елге оралды. Қайтадан шахта. Забойдағы кiшi лейтенанттың күнделiктi жұмыс орны сыз, жарығы көмескi кенiш болғанымен, келешек арманы көмескiленбеген.

Кеңес Одағы басшыларының әскери салаға зор көңiл бөлiп, соғыс техникаларын дамытуға күш салғанының пайдасы осы Мұхтар Қапашұлына тиiптi. Бас хат-



шы Никита Хрущевтiң әуе қорғанысына зымыран пайдалану туралы пәрменiне сөйкес, ұшқыштарды әскери қызметтен қысқартып тастаған болатын. Кейiннен Одақ басшылығында өзгерiстер болып, әуе қорғанысы ұшқыштарға зәру болды да, Бас штаб жапастағы әскери ұшқыштардi әуе қорғанысы базаларына шоғырландыра бастады.

Бiр күнi әскери комиссариаттан шақырту алды. Ондағайлар болашақ генералды танып алған. Өйткенi, оның арманы оқу орындарына сұранып, табалдырық тоздырып жүретiн аз қазақтың бiрi едi.

Әскери комиссар:

– Кiшi лейтенант Алтынбаев! Жойғыш ұшақ тiзгiндеуге құштар едiң ғой. Мiне, Свердловскiден өкiл келiп отыр, – деп саңқ ете қалды. Кiшi лейтенанттың жүзi бұл-бұл жанып, дәл сол сәтте «МиГ-19» жойғыш ұшағымен көкке көтерiлiп бара жатқандай әсерге бөлендi. Бiрден келiсiм берiп, жолға жиналды.

Бұл жас лейтенант Мұхтар Алтынбаевты арман жолынан құс жолына бастаған тарихи сапар едi... Көкке сол көтерiлгеннен аласарған жоқ. Өйткенi, оның арманы – шыңырауда шыңдалған арман едi!

Оралу немесе қарымта қайтарған қайраткер

Қазақстан Тәуелсiздiгiн жариялаған кезде қазақтан шыққан екi-ақ әскери генерал бар едi. Бiрi – Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, Қазақстан тұңғыш Қорғаныс министрi Сағадат Нұрмағанбетов те, екiншiсi – Мұхтар Алтынбаев. Оның өзiнде, Мұхтар Қапашұлы – Түркiменстан елiнде.

...1992 жыл. Одақ ыдырап, 74 жыл

ортақ мүддеге жұмылған одақтас Республикалар Тәуелсiздiгiн алып, өз алдына отау құрып жатқан кез. ТМД құрылып, бiрқатар елдердiң әскери құрылымдары ТМД Бас қолбасшылығының құрамында қалған.

Осы жылдың қаңтар айында Мәскеудiң төрiнде офицерлер кеңесi шақырылып, Мұхтар Алтынбаев та бұл жиынға қатысқан. Осы жолы Кремльдiң съездер сарайында өткен келелi кеңеске Қазақстанның Орталық Комитетiнде жауапты қызмет атқаратын милиция генералы Қайырбек Сүлейменовпен танысады. Елден келген шендi шенеунiкке өзi жайлы айтып, елге оралсам деген ниетiн де жасырмайды. Алайда, «Қазақстанда Қарулы Күштер құрылған жоқ. Елге келгенiңмен, саған шенiңе сай қызметтi қайдан тауып

найы берiлген қонақасыдан асығыс ауыз тиiп, келген жақтарына аттанып кетiптi.

Содан көп ұзамай, Қазақстан Қарулы Күштерi құрылып, тұңғыш Қорғаныс министрi болып Сағадат Нұрмағанбетов тағайындалды. Әскери мамандардың аздығына қарамай, жоқтан бар жасап, армия жасақталды. Жасыратыны жоқ, Қазақстан жерi жетпiс жыл бойы өктемшiл жүйенiң әскери полигоны болып, небiр қуатты техникалар бiздiң жерде орналасқанымен, 1995 жылға дейiн барлық қару-жарақ базалары Ресейге көшiрiлiп, техникалар заңсыз талан-таражға түсiп жатты.

Мұхтар Қапашұлы министрдiң орынбасары, Қорғаныс министрi болған жылдары осы кеткен есенiң қарымтасын қайтаруға күш салды. Күш салып қана қойған жоқ, бәстесiп отырып, қазақ жерiнен заңсыз шығарылған қару-жарақ, техникалардың бәрiн болмаса да, бiршамасын керi қайтарды. Ол жайында өзi өте қызық әңгiмелейдi.

Екi ел арасындағы заңсыз әкетiлген әскери техникалардың өтемақысын талап етумен басталған дау ұзаққа созылады. Ол кезде Әскери әуе күштерiнiң Бас қолбасшысы болып iстейтiн генерал Алтынбаев ресейлiк әрiптесi генерал Дейнекинмен күнде сөйлеседi десе де болғандай. Олар ырық берер емес. Бiрде осы Дейнекин Ресей Қорғаныс министрi Грачевпен бiрге ресми сапармен келiп, дастарқан басында тағы осы мәселе сөз болады. Сонда Дейнекин Алтынбаевқа шарт қойып: «Өзiң әскери ұшақпен ұшсаң, қайтарамын» дейдi. Ақыры, екi жақ бәстесiп, Мұхтар аға Ресейге барып, жана «Су-27» әскери ұшағымен ұшуды алты-ақ күнде менгерiп, Қыр Шығыстан ұшып келедi.

Сол жылы Ресейден 86 әскери ұшақ, «С-300» кешенi және «ТУ-134» ұшағы елге қайтарылған.

Мойындату немесе АҚШ полигонын бомбалаған қазақ

Қайсыбiр жылы ресми делегация құрамында Америкаға барған Алтынбаев АҚШ Қорғаныс министрлiгi өкiлдерiнен «Сiздердiң ұшақпен ұшуға бола ма?» деп рұқсат сұрайды. Пентагон басшылар қазақ офицерiн егжей-тегжейлi тексерiп, ұшу тәжiрибесiн бақылап, «F-16» ұшағымен ұшуға рұқсат бередi. Бұл «F-18» ұшағымен самғағысы келген. Аса құпия ұшақ болғандықтан, оған рұқсат берiлмей, Мұхтар Алтынбаев «F-16» ұшағымен Америка көгiнде ойкастап, небiр әуе тәсiлдерiн көрсетедi. Аса биiк қашықтықта пилотаж жасап, америкалықтардың таңдайын қақтырады. Аризона штатындағы әскери полигонға бомба тастап, ұшақ зеңбiрегiнен снаряд жаудырады.

Соңында ұшақты «Ауғандық кону» тәсiлiмен дамылдатқан қазақ генералына риза болған АҚШ Қорғаныс министрi Уильям Перри: «Америка тарихында шетел генералы тұңғыш рет АҚШ-ты бомбалады» деп әзiлдеген екен.

Мұхтар Алтынбаев – Тәуелсiздiк алғаннан бергi 35 жылда мылтық атылып, бомба жарылмаған елдiң генералы.

Әскери жүйенiң әлеуетiн арттырып, Тәуелсiздiгiмiздi тұғырлы етуде ерен еңбек сiңiрген сардар Мұхтар Қапашұлының өр рухтың, елге деген шексiз махаббаттың, орасан отаншылдықтың үлгiсiндей болған өнегелi өмiрi осылай өрледi.

Сексеннiң сенгiрiне сергек көтерiлген армия генералы бүгiнде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерi ардагерлерiнiң республикалық кеңесiн абыроймен басқарып отыр.

Суреттер кейiпкердiң жеке қорынан

Газдандыру: Теміртаудың ауасы тазарады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Газды сол кездiң өзiнде-ақ армандадық. Газ әрi таза, әрi технологиялық тұрғыдан тиiмдi. Бұл домна үдерiсiне де, қалаға да көмектеседi, – дейдi металлургиялық комбинаттың құрметтi ардагерi Анатолий Онищенко

Газ домна пештерiнде, әктас пен доломиттi күйдiру үдерiсiнде, сондай-ақ, ЖЭО қазандықтарында мазуттың орнын басады. Сонымен бiрге, ол илемдеу цехының методикалық пештерiне енгiзiлiп, слябтардың бiрқалыпты қызуын және өнiм сапасының артуын қамтамасыз етедi. Qatmet компаниясы болат департаментiнiң директоры Андрей Бергтiң айтуынша, бұл – коксты едәуiр үнемдеуге, өндiрiстiк үдерiстiң сенiмдiлiгi мен икемдiлiгiн арттыруға тын мүмкiндiк.

– Жоба – тарихи әдiлеттiлiктi қалпына келтiру. Табиғи газ толыққанды металлургиялық циклдiң ажырамас бөлiгi болуы

тиiс. Әлбетте, оңай емес, бiрақ, бiзде оны сәттi енгiзуге жеткiлiктi тәжiрибе мен кәсiби әлеует бар, – дедi спикер.

Технология мен экология одағы

Алғашқы кезең – әрқашанда күрделi. Биыл жоспарға сай, ең ауқымды жұмыстар басталды. Зауыттың жүрегi саналатын жылу-электр орталығы трансформацияға даярлық үстiнде. Домен цехы да осы қатарда. Негiзгi нысандарды табиғи газға көшiру – бiрiншi де, ең маңызды қадам. Инженер қырағылығымен кинолсар бес жылдық жоспар, кезең-кезеңiнен жана өзгерiстердi уәде етедi. Осы бес жыл iшiнде шығарындылардың жалпы көлемiн 27 мың тоннаға дейiн азайтуға мүмкiндiк бередi. Сонымен қатар, көмiркышқыл газдың да көлемi едәуiр төмендейдi. Қарышты қадам тек қана ұлттық көмiртегi квотасының орындалуын қамтамасыз етiп қана қоймай, Қазақстандағы өнеркәсiптi

декарбонизациялау мен «жасыл» экономиканы дамытуға нақты үлес қосады.

– Газға көшу қаладағы барлық экологиялық мәселелердi бiрден шешпейдi. Бiрақ, Темiртаудағы ауа сапасын және тұрғындардың өмiр сапасын жақсартуға бағытталған негiзгi, тарихи қадам болып табылады. Ең маңыздысы, үзлiксiз үдерiс жобаның дамуына қажеттi серпiн берiп, оны жүзеге асыруға мүмкiндiк жасаған жана команданың көрегендiгi арқасында мүмкiн болды, – дейдi Qatmet компаниясының экология жөнiндегi директоры Ринат Сарлыбаев.

Qatmet өндiрiстiк қуаттарын табиғи газбен қамтамасыз ету үшiн салынған газ үлестiру стансасында негiзгi жұмыстар толық аяқталған. Станса магистральдық құбыр арқылы келетiн газды есепке алу, тарату және қысымды төмендету функцияларын атқарады. Ең басты назар қауiпсiздiк пен технологиялық бейiмдеуге аударылған. Жабдықтар жаңартылып,

жаңа газ жанарғыштары орнатылуда, орталықтандырылған басқару жүйесi енгiзiлуде. Жетелi жүйе газдың қозғалысын нақты уақыт рeжимiнде бақылауға мүмкiндiк бередi. Газ құбыры темiржол өткелдерi, автожолдар және Нұра өзенi тәрiздi күрделi учаскелердi кесiп өтедi. Сондықтан, техникалық шешiмдер күшейтiлген: қорғаныс-қақпалы клапандар қойылып, құбырлар коррозияға қарсы бояумен өңделуде. Осылайша, Qatmet комбинатының газ инфрақұрылымы тек тұрақтылық пен тиiмдiлiктi ғана емес, қауiпсiздiк пен сенiмдiлiктi де қамтамасыз етедi.

Qatmet комбинаты үшiн тартылған газ құбырына Қазақстанда өндiрiлген АО «Qatmet Tubular Products Aktau» зауытының құбырлары пайдаланылды. Ұлттық жабдық жеткiзушiнi таңдаудың арқасында логистикалық мерзiмдер айтарлықтай қысқарды және техникалық өзара әрекеттесу жеңiледi. Жеткiзу көлемi шамамен

600 тонна құрады. Құбырлардың ерекшелiгi алдын ала оқшаулануы бар. Яғни, олар дайын күйде жеткiзiлiп, қосымша өңдеудi қажет етпедi.

Жоба озық инженерлiк шешiмдермен, экологияға қамқорлықпен және қаланың өмiр сапасын жақсартуға деген жауапкершiлiкпен ұштасып тұр.

Толғам

Иә, бес жылдық жоспардың алғашқы қадамы жасалды. Оның әсерi айтарлықтай. 27 мың тонна зиянды шығарындылар азаяды. Көмiркышқыл газдың көлемi төмендейдi. Темiртаудың тың тынысы металлургиялық өнердiң жаңа полсафасы. Соны көзқарас «өндiрiс әрқашан бiрiншi» деген ескi қағидадан «өндiрiс – алдымен жауапкершiлiк» деген жана ұғымға ойыстырады. Жобаның әрбiр элементi – табиғатқа, қоғамға, қаланың өмiр сапасына деген қамқорлық үлгiсi.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ынтымақты елге ырыс қонады

Шет ауданы – дамуы қарқынды өңір. Елдімекендердің инфрақұрылымы жаңарып, ауыл шаруашылығы мен өндіріс өркен жайып келеді. Бүгінде аудан уақыт талабына сай тыныстап тұр. Қазақы қалпы сақталып, өндіріс пен кәсіпкерлікке ден қойған өңір даму көшінен қалған жоқ. Осы орайда аудан әкімі Мұхит Мұхтаровпен арнайы әңгімелескен едік.

– Мұхит Сайлауұлы, бытыр Шет ауданында бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды. Биыл да жалғасын табуда. Осы жылғы негізгі көрсеткіштер көңіл көншіте ме?

– Ия, өткен жыл Шет ауданы үшін ерекше есте қаларлық жыл болды. 2024 жылы ауданымыздың бюджеттік қаржылары 14 миллиард 945 миллион теңгені құрады. Оның 7 миллиард 905 миллион теңгесі салықтық түсімдер арқылы қалыптасса, қалған бөлігі республикалық және облыстық бюджеттен алынған 6 миллиард 148 миллион теңге трансферттер арқылы қамтамасыз етілді. Бұл қаражат негізінен елдімекендердегі инфрақұрылымды дамытуға, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталды: ауыз су мен көріз жүйелері тартылды, жолдар жөнделді, су шайып кеткен қорғаныс бөгеттері қалпына келтірілді. Сондай-ақ, басқа да әлеуметтік маңызды жобалар іске асырылды. Ал, 2025 жылы аудандық бюджетіміздің кірісі 8 миллиард 632 миллион теңге болса, шығысы 13 миллиард 970 миллион теңгеге жетті. Республикалық бюджеттен 1 миллиард 7 миллион теңге, облыстық бюджеттен 3 миллиард 184 миллион теңге трансферт келді. Бұл қаржыға әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Ақсу-Аюлы ауылында жаңа жабық бассейн құрылысына 300 миллион теңге жұмсалды. Көктіңкөлі станциясы мен Әлихан ауылындағы су құбыры желілері үшін 200 миллион теңге бөлінді. Красная Поляна ауылындағы су құбыры желілерін қайта құруға 409 миллион теңге бағытталды. Әлеуметтік осал топтарға тұрғын үй сатып алуға 1 миллиард 338 миллион теңге жұмсалды. Мемлекеттік қызметшілер мен қазыналық кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы 7 миллион теңгеге көтерілді. Ақсу-Аюлы ауылындағы көріз желілерін жаңартуға 100 миллион теңге қаралды. Еңбекшіл ауылындағы су құбырын салуға 34 миллион теңге бөлінді. Төтенше жағдайларға резерв және бюджеттік кредиттерге 548 миллион теңге қаралды. Өзін-өзі басқару субвенциясы ретінде 630 миллион теңге бағытталды. Мұның бәрі – аудан тұрғындарының күнделікті тұрмысын жеңілдетіп, сапалы инфрақұрылымға қол жеткізуге бағытталған маңызды қадамдар. Ауылдардың әр көшесі мен әр үйі осы қаржының жемісін көріп отыр деп айтуға болады.

– Түлік өргізген ауданның кейінгі кезеңде өндірісі де өрлеп келе жатқандай...

– Иә, Шет ауданының экономикасы жыл өткен сайын дамып келеді. 2025 жылдың қаңтар-қазан айында ауданымыздың нақты секторында 142 887,6 миллион теңгенің өнімі өндірілді. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 25 269 миллион теңгеге артық. Яғни, экономикалық өсімнің айғақтық көлем индексі 123,1%-ға жетті деген сөз. Бұл – ауданымыздың өндіріс әлеуеті мен қарқынды дамуын айқын көрсететін нақты деректер. Тау-кен өнеркәсібінде 92 564,3 миллион теңгенің өнімі өн-

дірілді. Ал, өткен жылы 85 739,1 миллион теңге болған еді. Мәселен, «Нова-Цинк» компаниясы шахталық тәсілмен кен өндіруді кеңейтіп, 29,8 мың тонна мырыш қоспасын және 5,8 мың тонна қорғасын қоспасын өндірді. Бұл – өндіріс сапасы мен тиімділігінің нақты айғағы. «Bary Mining» 3 756,9 мың тонна темір кенді қойыртпасын өндіріп, өндіріс көлемін екі есеге арттырды. «Sary-Arka Copper Processing» 5 891 тонна мыс өндірді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1 908 тоннаға артық өнім. Бұл компанияда да өндірістің тұрақты өсуі байқалады. Өңдеу өнеркәсібі де қарқынды дамып келеді. Биыл бұл салада 44 770,4 миллион теңгенің өнімі өндірілді. Өткен жылы бұл көрсеткіш 27 343,2 миллион теңге болған



еді. Бұл – өндіріс көлемін екі есе арттырудың, жаңа жобаларды іске асырудың көрінісі. Инвестициялар саласында да аудан айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Биылғы жылдың 10 айында негізгі капиталға 50 094,6 миллион теңге инвестиция салынды. Дегенмен, нақты көлем индексі 50,7%-ға жетті. Себебі, өткен жылы «Қызыл Арай» ЖШС жобасына 97,5 миллиард теңге көлемінде ірі инвестиция салынған болатын. Өндіріс пен инвестиция ұштасып, ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып отыр. Әрбір жаңа өндіріс ошағы, әрбір инвестициялық жоба – бұл аудан тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған нақты қадам.

– Кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейтіп, экономикаға үлес қосудағы салмағы қандай?

– Шағын және орта бизнес – экономиканың серпінді дамуына серік. Биыл 3 360 шағын және орта кәсіпкерлік құрылым бар. Бұл көрсеткіш өткен жылдың 3 657 құрылымымен салыстырғанда сәл төмендеу байқалса да, жұмыспен қамтылған адамдар саны артты – 5 951 адам тұрақты кәсіптің табылдығын аттады. Өндірілген



өнім көлемі де өсіп, 71 500 миллион теңгені құрады. Шағын және орта бизнес, аудан экономикасына нақты үлес қосуда.

Ауданның экономикалық тірегі әрі ауыл халқының тұрмыс сапасын арттыратын маңызды сала – ауыл шаруашылығы. Биыл ауданымызда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 59 333,8 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 4 661,8 млн теңгеге артты. Еттің жалпы көлемі 15 мың, сүт өндірісі 43,2 мың тоннаға, ал, жұмыртқа – 2,2 млн данаға жетті. Мал шаруашылығында ірі қара – 98,2 мың бас, жылқы – 83,1 мың бас, қой мен ешкі – 161,4 мың бас, құс – 27,4 мың басқа жетті. Бұл көрсеткіштер ауданның азықтүлік қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, ауыл халқының тұрақты табысын қамтамасыз етеді. Жеке шаруа қожалықтарына мемлекет тарапынан 614 млн теңге қаражат бөлініп, 79 бірлік заманауи ауыл шаруашылығы техникасы мен 261 бас асыл тұқымды мал сатып алынды. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы техникасы 2%-ға жаңарды. Сонымен қатар, суармалы егістіктерді дамытуда, 2 600 млн теңге көлемінде үш ірі инвестициялық жоба іске



асырылуда. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 12 жеке кәсіпкер 49 млн теңгеге 120 бас ірі қара малға ие болса, тағы бір кәсіпкер 9 млн теңгеге қаражатты ауыл шаруашылығы айналымына енгізді. Екі өндірістік кооператив 53 млн теңгеге несие алып, ауыл шаруашылығы техникасы мен қосалқы бөлшектерді сатып алды.

Сонымен қатар, 810 шаруа қожалығы әртүрлі бағыттағы субсидия ретінде 426 млн теңге алды. Барлық осы шаралар ауданның ауыл шаруашылығын жаңғыртып, жергілікті өндірісті тиімді дамытып, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға зор үлес қосуда.

– Бұқараның басты проблемаларының бірі – баспана екені анық. Соңғы жылдары тұрғын үй көптеп салынууда екен...

– 2024 жылы 9 589 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 2025 жылдың 10 айында бұл көрсеткіш 10 688 шаршы метрге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 111,5%-ды құрады. Өткен жылы тұрғын үйге мұқтаж отбасыларға 206 пәтер кілттері табыс етілсе, биыл жыл соңына дейін 80 пәтерді тапсыру жоспарлануда. Сонымен қатар, аудандық бюджеттен екінші нарықтағы үйлерді сатып алу үшін 44 млн теңге бөлініп, Ақсу-Аюлы, Ақадыр және Кеншоқы ауылдарында 7 пәтер кезектілік тізіміне сәйкес тұрғындарға берілді.

– Коммуналдық саланың ахуалы қалай?

– Биыл, су құбыры желілерін тарту және қайта жаңарту жұмыстары белсенді жүргізілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында төрт елдімекенде су құбыры желілерін тарту жұмыстары толық аяқталып, тұрғындарға таза ауыз су қолжетімді болды. Ал, Красная Поляна ауылындағы желі жөндеу жұмыстары келесі, 2026 жылға жоспарланған. Сонымен қатар, аудан аумағындағы жеті елдімекенде кешенді блок модульдері орнатылып, халықтың күнделікті тұрмысын жақсартуға және коммуналдық қызмет көрсетуді оңтайландыруға үлкен үлес қосылды. Электр жүйесін жаңарту да назардан тыс қалмады. «Шет-Энерго» кәсіпорын иелігіндегі электр желілеріндегі ақаулар салдарынан кейбір елдімекендерде тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар электр тоғысыз қалды. Осы мәселені шешу мақсатында аудандық бюджеттен 135 млн теңге, облыстық бюджеттен қо-

тоселді. Бұл жолдар тұрғындарға жайлылық пен қолайлылық әкелді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдау мен кәсіпкерлік қызметтерді жүргізуді де айтарлықтай жеңілдетті. Ал, биылғы жол құрылысы ауқымын кеңейтіп, жеті ірі елдімекенде ұзындығы 29,2 шақырым жаңа асфальт жол салынды. Жобалар тек қана автокөлік қозғалысын жеңілдетіп қана қоймай, ауданның көрікіне көрік қосты. Елдімекендердің біртұтас сәулеттік келбетін қалыптастыруға ықпал еткені анық. Жалпы, жол және инфрақұрылымдық жобалар – ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының айқын көрінісі екендігі сөзсіз. Әлі де, тұрғындардың өмірін жақсартуға бағытталған нақты іс-шаралар кешені жоспарланып отыр.

– Денсаулық сақтауда серпін бар ма?

– Денсаулық сақтау саласында да оң серпін байқалады. Биыл 12 жаңа медициналық нысан пайдалануға беріліп, аудан тұрғындары сапалы медициналық қызметке қол жеткізеді. Жалпы, 60 дәрігер мен 265 орта буын медицина қызметкері халыққа күнделікті қызмет көрсетуде. Жаңа құрылыс нысандары заманауи құрал-жабдықтармен қамтылып, дәрігерлер мен медбикелердің жұмысын жеңілдетіп, емделушілерге қолайлы жағдай туғызуда.

– Келер жылы қандай келісті бастамалар күтіп тұр?..


– Біздің басты міндет – әр тұрғынның өмір сапасын арттыру. 2026 жылға жоспарланған жобалар тек инфрақұрылымды дамытуға ғана емес, сонымен қатар, ауыл шаруашылығын жетілдіруге, шағын және орта бизнесті қолдауға, инвестиция тартуға бағытталған. Жаңа жобалар ауыл мен қала тұрғындарына теңдей пайда әкеліп, білім, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет салаларында да айтарлықтай нәтижелер көрсетуге мүмкіндік береді. Біз әр жобаны сапалы, тиімді және уақытылы орындауға ерекше көңіл бөлеміз. Бұл – ауданның тұрақты дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатының

артуының кепілі. Әр бастама – халық игілігіне қызмет ететін нақты іс-қимылға айналады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлос ҚӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суреттер автордан



Үмітті оятқан үлкен құрылыс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында еліміздегі футбол клубтарының бәсекеге қабілетті болуы үшін оларды жекешелендіру қажеттігін атап өткен болатын. Осыдан кейін елдегі бірқатар клубта нақты өзгеріс орын ала бастады. Сол өзгерістің алдыңғы легінде көпжылдық тарихы бар қарағандылық «Шахтер» футбол клубы тұр. Уақыт өте клуб жекешелендіріліп, оны белгілі кәсіпкер Тимур Тұрлов 55 млн теңгеге сатып алды. Бүгінде инвестор клубтың басқару құрылымын қайта қалыптастырып, инфрақұрылымын да түбегейлі жаңғыртуды бастап кетті. Сол бастамалардың ішіндегі ең ауқымдысы – жаңа футбол академиясының құрылысы.

Қазіргі уақытта академия құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігі мен Майқұдықтың арасындағы 9,6 гектар аумаққа үш қорпұсты әкімшілік ғимараты, жабық манеж және 3500 орындықты стадион салынуда. Аталған нысандардың іргетасы құйылып, негізгі құрылыс кезеңіне өту жұмыстары басталған. Құрылыс жұмыстарын көзбен көру үшін сол аймаққа арнайы барып қайтқан едік. Толығырақ тарқаталық...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда 9,6 гектар жердің төрттен үш бөлігінде жұмыс жүріп жатыр. Үш қабаттан тұратын үш қорпұсты (А, Б, С) әкімшілік ғимараттың іргетасы толық құйылыпты. Ал, болашақ стадион трибунасының іргетасы жақын арада аяқталмақ. Бір сөзбен айтқанда, жер қазу және дайындықтың алғашқы кезеңі толық аяқталған.

Үш әкімшілік қорпұс бір-біріне қатарласа орналасады. Құжат бойынша олардың әрқайсысы үш қабатты. Әрі үшеуінің де аумағы әркiлy. Бірақ, үш қабаттың біреуі – жертөле. Қазіргі уақытта үшеуінің де іргетасы толық құйылған. Іргетасы жер астына 3,6 метр тереңдікке түсіріліпті. Кей тұстары жердің ой-шұқырына байланысты 4 метрге дейін төмендетілген.

Ғимараттарда тәрбиешілер мен жаттықтырушыларға арналған жеке бөлме болады. Жаттығу залы мен массаж бөлмесі де қарастырылған. Сонымен қатар, 25 орынды қыздар мен ұлдарға арналған жатақхана ашылмақ. Әр бөлменің сыйымдылығы екі баладан. Дәретхана мен жуынатын аймағы әр бөлмеде жеке. Сәйкесінше, қыздар жатақханасы да дәл осындай талапта.

– Шілде айында аумақты қоршап, құрылыс жұмыстарына кірістік. Оған дейін бұл жерде геологиялық жұмыстар жүргізілді. Қорытындысы шыққан соң ғана жобалық-сметалық құжаттары әзірленді. Құжат мақұлданғаннан кейін барып, құрылыс жұмыстары басталды. Қазіргі уақытта жер жұмыстары жүріп жатыр. Қазір үш ғимараттың іргетасы бекіді. Іргетастың сапасын арнайы сараптама тобы тексерген. Әдетте бетон құю кезінде сарапшылар үш кезеңде тексеріс жасайды. Біз қазір бірінші тексеріс кезеңінен өттік. Дегенмен, біздің құйған іргетасымыз талапқа сай деп танылды. Енді жертөленің бағаналарын тұрғызып, қабырғаларын көтеруге кірісеміз, – деді құрылыс учаске бастығы Тахир Ходжамбердиев.

Қысқы маусымда да құрылыс тоқтамайды. Қазір уақытша электр желісі тартылған. Одан бөлек, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін дизельді генератор да дайын. Егер жұмыс барысында электр жарығы өшіп қалса, генераторды қосады. Ал, қабырғасын

көтеру кезінде ауа райы қиындық тудырса, жылыту әдістері қолданылмақ.

Жер жұмыстарының екінші кезеңінде шұңқыр қазылып, құбырларды орналастыруға ар



налған траншеялар әзірленген. Ғимараттың қабырғасы көтерілген уақытта оған кәріз жүйесі, су ағызу және су жабдықтау құбырлары салынады.

Қазіргі таңда аталған әкімшілік ғимаратының іргетасы үшін 350 маркалы бетонның 1550 текше метрі құйылған. Бұған қоса, фундаменттің астыңғы қабаты үшін 150 маркалы бетонның 1200 текше метрі пайдаланылды.

9,6 гектар аумақта аталған үш негізгі нысаннан бөлек, балаларға арналған сауна, воркаут алаңының да құрылысы жоспарланған. Жобаға сәйкес бүкіл аумақ толық абаттандырылып, серуендеуге қолайлы саябақ салынбақ. Сонымен қатар, техникалық және сырттан келетін көлікке арналған 400-ге жуық орынды автотұрақтың жобасы бар. Ал, осы құрылыс жұмыстары құжат бойынша 2027 жылдың соңына дейін аяқталуы тиіс.

– Қазіргі уақытта құрылыс алаңында төрт бригада ауысыммен жұмыс істейді. Қазу және топырақ тасымалдау жұмыстарына жүк көтергіш тракторлар жұмылдырылыпты. Әзірше осы техника жеткілікті. Бірақ, алдағы уақытта көтергіш крандар мен өзге де арнайы техникаларды



налған киім ауыстыратын орын, душ кабиналары мен қажетті техникалық жайлар ашылады.

Дәл осы трибуналардың құрылысы «Нұр-Қазақелі» ЖШС-нің еншісіне берілген. Қазір нысанда компанияның 20 адамнан жасақталған бригадасы жұмыс істеп жатыр. Бұған дейін олар әкімшілік ғимараттың іргетасын құйған көрінеді. Енді трибунаны қолға алған. Жоба талаптарына сәйкес, трибуналар төрт қабатты. Сол себепті олардың іргетасы да жер астына 3,6-4 метр тереңдікке түсірілмек. Әр трибунаның іргетасы үш бөлікке бөлініп құйылуы шарт. Қазіргі таңда «Батыс» трибунасындағы іргетастың бір бөлігі толық құйылыпты.

– Біздің міндет – қос трибунаның құрылысын толық аяқтау. Ең әуелі іргетастың астын тегіс-



– Қазіргі уақытта құрылыс алаңында төрт бригада ауысыммен жұмыс істейді. Қазу және топырақ тасымалдау жұмыстарына жүк көтергіш тракторлар жұмылдырылыпты. Әзірше осы техника жеткілікті. Бірақ, алдағы уақытта көтергіш крандар мен өзге де арнайы техникаларды шақыртамыз. Жұмысты тоқтатпай, үздіксіз жалғастыру – басты мақсат.

тынайды екен. Яғни, «А» қорпұсы мен манеждің арасына жерасты өткелі салынады. Алайда, манеждің құрылысы әзірге басталмаған. Жоспар бойынша алдымен әкімшілік ғимараттың қабырғасы құйылуы шарт. Содан кейін барып жерасты өткелінің, артынша манеждің негізгі құрылысы іске қосылады.

Әкімшілік ғимарат пен жабық манеждің жоғарғы жағында 3500 көрерменге арналған жаңа стадион бой көтермек. Яғни, бұл стадион Қазақстанның төртінші санаттағы стадион талаптарына сай. Келешекте түрлі деңгейдегі турнирлер дәл осы алаңда өтеді деп күтілуде. Көрермендерге қолайлы жағдай жасау мақсатында стадионның «Батыс» және «Шығыс» трибунасы бой көтереді. Ал, жасыл алаң дәл осы екі трибунаның ортасына төселмек.

Жалпы, әр трибунаның ұзындығы 100 метрден асса, ені 17 метрден жоғары. Оның төменгі қабаты – жертөле. Онда қызметтік бөлмелер, командаға артеп, арматурасын берік байлап шықтық. Қазір трибунаның бір бөлігінің іргетасын құйып болып, екіншісіне кірістік. Жобада көрсетілгендей, әр іргетастың арасында температуралық жік орналастырылады. Үшеуін толық аяқтаған соң қабырғасын көтереміз. Әдетте, бір іргетасты құюға шамамен 12 күн кетеді. Бірақ, өткен жолы ауа райының қолайсыздығына байланысты кідіріп қалдық. Іргетаста мұз қатып қалмас үшін алдымен кептіріп алуға тура келді, – деді прораб Өміржан Кәкібаев.

Құрылыс қарқынды. Алда атқарылар әлі талай іс көп. Күні кеше кенді өлкеде заманауи академияның бой көтеретінін сұйыншілеп едік. Енді, міне, сол игілікті бастама нақты іске асып, іргетасының құйылғанын көргенде, көңіл қуанып қалады екен. Келешекте дәл осы академиядан небір әлем жұлдыздары шығады деген сенім мол.

Суреттер QOFA

• ҚАЛҚАН

Әскерге тың серпін

Биыл Қазақстанда әскери жүйені жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам жасалды. Елде алғаш рет резервтегі әскери қызмет ресми түрде енгізіліп, оны іске асыру басталды. Жаңа формат азаматтарды әскер қатарына жаппай шақырмай-ақ, елдің қорғаныс қабілетін күшейтуге және мобилизациялық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл бастама – қазіргі геосаяси ахуал мен қауіпсіздік талаптарын ескере отырып қабылданған жүйелі шешім. Резерв қызметі арқылы мемлекет кәсіби дайындықтан өткен, қажет жағдайда қысқа мерзімде жұмылдырылатын азаматтар қорпұсын қалыптастыруды көздейді.

Резерв қызметі – әскери міндетті азаматтардың ерікті түрде, контракт негізінде және аймақтық қағида бойынша әскери дайындықтан өтуі. Ең басты ерекшелігі – бұл қызмет негізгі жұмысқа немесе кәсіпке кедергі келтірмейді. Яғни, азамат күнделікті жұмысын жалғастыра отырып, белгілі бір кезеңдерде әскери даярлықтан өтеді.

Резервистерді оқыту тұрғылықты жеріне жақын орналасқан әскери бөлімдерде жүргізіледі. Бұл – уақыт пен қаржы шығынын азайтып, дайындықтың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Резерв қызметінің бағдарламасы бірнеше кезеңнен тұрады. Атап айтқанда, екі жылдан аспайтын мерзімде өткізілетін жылдық жиындар, жылына бір рет 30 күндік оқу-жаттығулар, ай сайын 2-3 күнге созылатын қысқа мерзімді сабақтар.

Оқу-жаттығулар барысында резервистер әскери тактика, қару-жарақпен жұмыс, жауынгерлік дайындық, тәртіп пен басқару элементтерін меңгереді. Бағдарлама қазіргі заманғы қауіпсіздік талаптарына сай әзірленген.

Қызметке қабылдау контракттік әскери қызметке ұқсас өлшемшарттар бойынша жүргізіледі. Негізгі талап – әскери дайындықтың болуы. Бұл бұрын әскер қатарында қызмет еткен азаматтар үшін үлкен мүмкіндік.

Жас сектеулері де белгіленген. Яғни, офицерлер – 60 жасқа дейін, сержанттар мен сарбаздар – 50 жасқа дейін.

Айта кету керек, резерв қызметіне әйелдер де жалпы тәртіп бойынша қатыса алады. Бұл – елдегі гендерлік теңдік пен азаматтық жауапкершілік қағидадарының нақты көрінісі.

Резерв қызметіне қабылданған азаматтарға кеңейтілген әлеуметтік пакет қарастырылған. Дайындық жиындары кезінде резервистердің жұмыс орны толық сақталады. Ақшалай төлемдер де екі санат бойынша жүзеге асырылады. Жұмыс істейтін азаматтарға – негізгі жұмысындағы орташа жалақысы мөлшерінде болса, жұмыссыз азаматтарға – 85 мың теңге көлемінде ең төменгі жалақы төленеді.

Одан бөлек, резервистер тегін медициналық қызметпен, тамақтандырумен, әскери шенін көтеру мүмкіндігімен, жиындар кезіндегі ақшалай төлемдермен, еңбек өтіліне есепке алынумен, жаракат алған жағдайда өтемақымен қамтамасыз етіледі.

Қарағанды гарнизонындағы әскери бөлімдер де резервистерді қабылдауды ресми түрде бастап кетті. Бұл өңірдегі азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашып отыр.

Ерікті түрде қатысамын деген азаматтарға тұрғылықты жері бойынша әскери басқару органына немесе тікелей Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдеріне жүгіну ұсынылады.

Өз тілшімізден



• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Батырдың ізімен

Ел болашағын қорғайтын кәсіби мамандар даярлау – мемлекеттің стратегиялық міндеттің бірі. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 28 ақпандағы №238 бұйрығына сәйкес Қарағандыдағы «Жас ұлан» мектебі қайта құрылып, «Талғат Бигелдинов атындағы әскери колледжі» мәртебесіне ие болды. Бұл қадам жас ұрпаққа заманауи әскери-техникалық білім беруге мүмкіндік жасайды.

Колледжде «Әскери іс және қауіпсіздік» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім беріледі. Бірінші курста ұландар жалпы пәндерді оқып, кейінгі курстарда арнайы әскери-техникалық пәндерді меңгереді. Талғат Бигелдинов есімі колледждің беделі. Оның ерлігі – Отанға адалдығы жас ұрпаққа үлгі.

Колледжде «Тіл – достық көпірі» онкүндігі өтті. Іс-шаралар аясында ашық сабақтар, викториналар, «Абай оқулары» және «Батырдың ізімен: Талғат Бигелдинов өмірінен тағылым» дөңгелек үстелі ұйымдастырылды. Оған Ауған соғысының ардагерлері – майор Сергей Грызлов пен капитан Аскар Байкенов шақырылды.

Талғат Бигелдинов есімімен аталған оқу орнында білім алу – жас ұрпақ үшін ерекше мәртебе әрі зор жауапкершілік. Өйткені Талғат Бигелдинов – әуе кеңістігіндегі ержүректігімен тарихқа алтын әріппен жазылған, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанған, туған еліне шексіз адал қызмет еткен қазақтың даңқты

ұшқышы. Оның қаһармандық жолы – батыл шешімдері мен Отанға деген сүйіспеншілігі бүгінгі тәрбие мен білім беру ісінде – үлгі. Сондықтан, оның есімі берілген әскери колледжде оқу – тек кәсіби маман болудың ғана емес, ел қорғауға бейім, патриоттық рухы биік, қайсар мінезді азамат болып қалыптасудың айқын жолы.

Ұландар Талғат Бигелдиновтің өмір жолын зерттеп, оның әскери ерлігі мен азаматтық қасиеттерін терең таныды. Бұл кездесу жас ұландарға Отан алдындағы борышын түсінуге септесті.

Іс-шара соңында І курс ұланы Қалдыр Найманбайұлы «Қазақ қыраны» атты өлеңін оқып, батырдың биік рухын поэзия тілінде дәріптеді. Өлең ұландардың жүрегінде ерлік пен Отанға адалдық рухын терең орнықтырды.

Г.ЕРАЛИНА,
Талғат Бигелдинов
атындағы әскери
колледжінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні оқытушысы

• БӘРЕКЕЛДІ!

Әлемдік сахнадан көрінді

Талантты оқушылардың шығармашылық әлеуетін шыңдап, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында АҚШ-тың Иллиной штаты, Чикаго қаласында халықаралық деңгейдегі «Тіл және мәдениет» фестивалі (International festival of «Language and Culture») өтті. Қарағандыдағы №2 Білім-инновация мектебінің 11-сынып оқушысы Мария Тен халықаралық фестивальге қатысып, өз дарынын әлемдік сахнада паш етті.

Аталған іс-шараға әлемнің алпауыт елдері Германия, Кения, Косово, Филиппин, Франция, Индонезия және тағы да басқа 14 мемлекеттен жиналған өнерпаздар бас қосты. Бұл шара мәдениеттер тоғысып, өнер өріс алған ерекше алаңға айналды.

Қарағандыдағы №2 Білім-инновация мектебінің 11-сынып оқушысы Мария Тен халықаралық фестивальге қатысып, өз дарынын дәлелдеп шықты. Оның фестивалге ка-

тысуы «Білім-инновация» халықаралық қорының 100 пайыздық демеушілігімен жүзеге асып, өскелең жасқа үлкен ынталандыру болды.

Мария халықаралық сахнада қазақ елінің намысын абыроймен қорғап, өзінің өнері арқылы көрермендердің жылы ықыласына бөленіп қайтты.

Сәуле ЕДІЛБАЕВА,
БИЛ-дің бейіндік оқыту
жөніндегі директордың
орынбасары



Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Киберқауіпсіздікке жаңа қадам

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде заманауи талаптарға толық жауап беретін Fortinet желілік қауіпсіздік зертханасы өз жұмысын бастады. Жаңа зертхана «Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект» кафедрасының базасында ашылды.

Fortinet – желілік және киберқауіпсіздік саласындағы әлемге танымал бренд, ақпараттық қауіпсіздік шешімдерін әзірлеуде жетекші орын алатын халықаралық компания. Осындай алпауыт компанияның кәсіби жабдықтарымен жаратқандырылған зертхананың ҚарТУ қабырғасында ашылуы – білім ордасының техникалық әлеуетін арттырып қана қоймай, болашақ IT-мамандарды даярлаудағы маңызды қадам.

Жаңа зертхана Fortinet-тің кәсіби деңгейдегі фреймворкдары, коммутаторлары және желілік қауіпсіздік құрылғыларымен толық жабдықталған.

Бұл зертхана «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Желілік қауіпсіздік», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттерге корпоративтік деңгейдегі инфрақұрылыммен тікелей жұмыс

Ұқыпты жүргізуші

Қарағанды облысында жол қозғалысы мәдениетін қалыптастыру және қауіпсіздікті арттыру мақсатында ұйымдастырылған «Үлгілі жүргізуші» науқаны өз жалғасын тауып отыр. Іс-шара аясында патрульдік полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті сақтап, жолда өзге жүргізушілерге үлгі көрсетіп жүрген азаматтарды тоқтатып, алғыс білдіріп, сыйлық табыстайды.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осындай құрметке ие болғандардың бірі – отыз жыл бойы көлік тізгіндеп жүріп, бірде-бір рет жол ережесін бұзбаған Светлана Швачкина. Ол осы уақыт ішінде айыппұл алмапты, бірде-бір жол-көлік оқиғасына қатыспай, ереже де бұзбаған. Полиция қызметкерлері мұндай көрсеткіштің сирек екенін атап өтті.

Светлана Швачкина – тек тәжірибелі жүргізуші ғана емес, қоғам белсендісі әрі ұстаз. Бүгінде ол Қарағанды қаласындағы №95 мектеп гимназиясында жас инспекторлар үйірмесін басқарып, оқушылардың жол қауіпсіздігіне қатысты білімін арттырумен айналысады.

– Қазір қала жолдарында көлік көп, қарбалас та аз емес. Осындай жағдайда ең бастысы – сабыр мен жауапкершілік. Жолдағы мәдениет адамның ішкі мәдениетін көрсетеді. Сондықтан да, балаларға қауіпсіздік негіздерін мектеп қабырғасынан бастап түсіндіру өте маңызды, – дейді үлгілі жүргізуші Светлана.

Оның айтуынша, жас инспекторлар үйірмесіне қатысатын балалар жол белгілерін танып-біліп қана қоймай, арнайы іс-шараларға



қатысып, полиция қызметкерлерімен бірлесіп, жолда жүру ережелерін насихаттауға атсалысады. Бұл – болашақта саналы, тәртіпті жүргізушілердің қалыптасуына ықпал ететін бастама.

Қарағанды облыстық полиция департаментінің дерегінше, акция басталғалы бері тек облыс орталығында 100-ге жуық жүргізушіге дәл осындай құрмет көрсетілген. Жол сақшылары жүргізушілерді тоқтатып, олардың жол ережесін сақтау деңгейін тексеріп қана қоймай, қауіпсіздік жөнінде кеңес беріп, Алғыс хаттар табыстауда.

Ізгі жоба «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында ұйымдастырылған. Оның басты міндеті – жол-көлік оқиғаларының алдын алу, қала көшелеріндегі тәртіпті нығайту және жүргізушілердің назарын жол қауіпсіздігінің маңыздылығына ау-

дару. – Ережені қатаң сақтаңыздар! Жылдамдықты асыру – үлкен қатер. Қарсы бағытқа шығу – көптеген қайғылы жағдайдың себебі. Жолда өзінмен бірге отырған жолаушылардың ғана емес, бейтаныс адамдардың өмірі де сенің шешіміңе байланысты, – деді тәртіпті жүргізуші.

Патрульдік полиция батальоны командирінің орынбасары Сұңғат Абылқас мұндай іс-шаралар жүргізушілердің тәртіп сақтауға деген ынтасын арттырып қана қоймай, қаладағы жалпы жол мәдениетінің жақсаруына ықпал ететінін атап өтті.

Статистикаға сүйенсек, жыл басынан бері өңір жолдарында мас күйінде көлік басқару және медициналық куәландырудан өтуден бас тартудың 220 дерегі тіркелген. Сондай-ақ, 73 жүргізуші жалған

мемлекеттік нөмір қолданған, 53 адам көлік жүргізу құқығынан айырылса да рөлге отырған. Бұған қоса, заңсыз жолаушы тасымалдаудың 53 фактісі, жолдың қарсы бағытына шығудың 133 дерегі анықталған.

Жүргізуші қауым мұндай игі бастама көпшілікке ой салып, әсіресе жас буынның жол қозғалысына деген қозғарсын жақсартатынына сенеді.

Акция жыл соңына дейін жалғасады. Полиция халықты жолда сақ болуға шақырады. Жол қауіпсіздігі – кездейсоқтыққа жол бермейтін аса жауапты сала, ал Светлана Швачкина сияқты жүргізушілер шын мәнісінде де қауіпсіз жолдың кепілі.

Сурет облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінен

КІТАП
ОҚИТЫН ҰЛТ



Кітапхана – дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының құнды сырларын сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің нағыз киелі ордасы. Кітапхана – оқырман үшін тәрбие мектебі.

Осы орайда №1 жасөспірімдерге қызмет көрсету кітапханасы оқушылардың әдебиетке, тарихқа деген қызығушылығын оятып, таным көкжиегін кеңейтуде тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Соның бірі – 10 сынып оқушыларымен өткізілген Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ» романына арналған талқылау сағаты.

Бұл талқылау сағатының мақсаты – еңбек адамының бейнесін таныту, оқырмандарды табандылық пен адалдыққа, көркем шығарманы терең ұғынуға баулу. Шығанақ Берсиевтің еңбекке деген сүйіспеншілігі мен адалдығы арқылы оқушылар үлкен ой түйді. Кейіпкер сияқты еңбек етуге қанаттанғаны көңілге қуаныш ұялатады.

Сонымен қатар, біздің кітап-

хана бастамасымен «Әлемнің жеті кереметі» тақырыбында танымдық кеш өткізілді. Бұл шарада оқушылар адамзат тарихындағы әң әйгілі сәулет және мәдени ескерткіштермен танысып, олардың тарихи маңызын зерттеді. Оқушылар жеті кереметтің ғажайыптары туралы түсініктерін кеңейтіп, әлем өркениетіне деген

қызығушылықтарын байқатты.

Аталған кеш оқушылардың ізденіс дағдысын дамытуға, жалпы адамзаттық мәдениетке құрметпен қарауға ықпал етті.

Кітапханашылардың шәкірт жүрегіне жол таба білуі, әрбір іс-шараны шынайы сүйіспеншілікпен өткізуі – оның өз мамандығына деген адалдығының,

кітапхана ісіне деген зор жауапкершілігінің айғағы. Ол тек кітапханашы емес, рухани тәрбиеші, ұрпақ бойына адамгершілік пен ұлттық құндылық дәнін себуші.

Ғалия ҚАЛМАҒАНБЕТОВА,
№1 жасөспірімдерге қызмет
көрсету бөлімінің
кітапханашысы

деңгейіндегі инфрақұрылыммен сенімді жұмыс істей алатын ақпараттық қауіпсіздік мамандарын даярлауда сапалы жаңа практикалық базаға айналмақ, – деп атап өтті университет ректоры Сауле Сағынтаева.

Fortinet зертханасының ашылуы ҚарТУ-дың цифрландыру мен киберқауіпсіздік саласындағы білім беру бағытын күшейтіп, еңбек нарығында сұранысқа ие, білікті IT-мамандарды даярлауға жаңа серпін береді.

Өз тілімізден

Сурет ҚарТУ-дың баспасөз қызметінен



• СЕМИНАР

Алдаспанның жарқылы

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу уинверситетінің қабырғасында Мұхтар Мағауиннің 85 жылдығына арналған «Алаш руханиятының алдаспаны» атты ғылыми-танымдық семинар өтті. Оған қаламгердің ұлы, әдеби редакторы Едіге Мұхтарұлы АҚШ-тан арнайы келіп қатысты. Аймақтағы зиялы қауым өкілдері де түгел жиналды. Ғылыми-танымдық семинарда белгілі әдебиеттанушы ғалымдар жазушының ғұмырына, шығармашылығына қатысты баяндамаларын жасады.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Ғылыми-танымдық семинар Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің басқарма төрағасы Нұрлан Орынбасарұлының құттықтау хатымен басталды. Хатта «Мұхтар Мағауин – қазақ сөз өнерінің тарихын терең зерттеп, Алаш мұрасын түгендеп, әдебиетіміздің өткені мен бүгінін жалғаған бірегей қаламгер. Оның туындылары – ұлттың рухани айнасы, тарихи зердесі, қазақтың ар-намысын қорғаған ерен сөздің озық үлгісі. Оның шығармалары – тәуелсіздік рухын оятқан, азат ойға жол салған, ұлттық санаға қуат берген асыл қазына. Сондықтан да, бүгінгі семинардың мәні

зор: Мағауин әлемін жаңаша зерделеп, жас зерттеушілерге бағыт-бағдар беру, рухани сабақтастықты тереңдету», – делінген. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешов сөз сөйледі. – Мұхтар Мағауин соңынан ерген жас буынға қамқорлық жасай білді. Жас буынға қамқорлығы – қазақ әдебиетінің болашағына жасаған қамқорлығы еді. Міне, биік деңгейге көтерілген ұлы тұлғалардың асыл қасиеті осындай. Ол жеке басының атақ-мансабы үшін ғана емес, тұтас қазақ халқының рухын көтеріп, санасын ояту үшін жазды. Өкінішке қарай, бүгінде Мұхтар Мағауин шығармаларының негізгі мәнін ғылыми түрде талдап,

толықтай ашып бере алмай отырмыз. Өйткені, әдістеме ескіріп тұр. Бұл кемшілікті ғалымдардың кейінгі толқыны оңалтар деп үміттенеміз, – деді Ербол Тілешов. Жазушының ұлы Едіге Мұхтарұлы Қазақстанның келешегі – жас буынға әкесінің айтқан өсиетін жеткізді. – Жастардың тақырыбы шығармашылығында ғана емес, өміріндегі негізгі тақырып болды. Болашағынан үміт күттіретін жас буынға жол ашуға тырысты. Шетелге көшіп кетсе де, Қазақстандағы жастардың аяқ алысын қарап отыратын. Зор үміт артатын. «Жастардың санасы ұлттық деңгейде қалыптасуы керек. Сонда ғана қазақ рухын тұрғыда азат болады және шын мәнісінде тәуелсіз болады», – дейтін. Қиын заманның өзінде қазақтың болашағы жарқын екеніне имандай сенді. Оған ешқандай шөк келтірген жоқ. Бірақ, тәуелсіздікке жеткенде «Біз қазір заң жүзінде тәуелсіздік алып отырмыз. Іс жүзінде тәуелсіздікке әлі жете алмай отырмыз. Ол үшін сананың азаттығы қажет. Жаңа заманның жастары еркіндікті насихаттайтын шығармаларды оқуы керек», – деп айтып еді, – деді Едіге Мұхтарұлы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Жансая Жарылғапов «М.Мағауиннің шығармашылығы өзіне дейінгі шығармашылықтағы философиялық негіздер мен көркемдік-эстетикалық принциптерді қайта қараудың басы еді. Оның эстетикалық доктринасы алдыңғы кезеңнің рухани құндылықтары мен дүниетанымдық қырларын жаңаша парықтаудан, өз потенциалын тауысып біткен эстетикаға қарсы тұрудан басталады», – деді өз баяндамасында.

Кезек студенттерге де берілді. Жас ақын Нұрасыл Аманжол Мұхтар Мағауинге арнаған өлеңін оқыды. Болашағынан үміт күттіріп жүрген Дилара Мирамқұл мен Мағжан Құдайберген де Мұхтар Мағауиннің мұрасына қатысты баяндамаларын жасап, Едіге Мұхтарұлы мен аға буынның ілтипатына бөленді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

«Үздік қақпашы» атанды

Мексиканың Канкун қаласында бхб шағын футболдан әлем чемпионаты өткен болатын. Байрақты бәсекеге ұлттық құрама да бақ сынап, чемпионаттың қола жүлдегерлері атанды. Сонымен қатар, ұлттық құрама қақпашысы қарағандылық Ақбұлан Еркінбек чемпионаттың «Үздік қақпашысы» атанды.

Айта кетейік, аталған чемпионатқа әлемнің түпкір-түпкірінен 32 команда қатысқан еді. Отандастарымыз жартылай финалға дейін жеткен. Қола жүлде үшін өткен тартысты бәсекеде отандастарымыз Нидерланды құрамасын 3:1 есебімен сан соқтырған.

Қақпашы – соңғы қамал. Қаншама шабуылдың бет қаратпас соққысын қайтару әркімнің қолынан келмейтін іс. Ал, дәл

осындай бәсі биік бәсекелерде сенімді ойнау, тіпті, бөлек деңгей. Осы чемпионатта керемет реакциясымен, шешуші сәттердегі тамаша сейвтерімен көзге түскен Ақбұлан Еркінбек көптің көзайымына айналып, әлем назарын өзіне қаратты.

– Мен бұл спортпен тек жан рахаты үшін шұғылданамын. Футбол ойнасам, көңілім көтеріліп, ерекше қуат аламын. Мен үшін бұл жанға жайлы хобби десек те болар. Кәсі-

би деңгейде топ жығуды мақсат етпеймін, – дейді Ақбұлан.

Ақбұлан Еркінбек – Шахтинск қаласының тумасы. Өзі шағын футболмен сегіз жылдан бері шұғылданып келеді. Осы уақыт ішінде, талай байрақты бәсекеде бақ сынап та үлгеріпті. Атап айтсақ, 2023 жылы ұлттық құрама сапында Еуропа чемпионы атанса, былтыр әлем чемпионатының күміс жүлдесін иеленген. Ал, биыл қазан айында клубтық әлем чемпионатында да «Ең үздік қақпашы» атағын алған.

Өз тілшімізден

• ВОЛЕЙБОЛ

Тоспадоп турнирі мәреге жетті

Қарағандыда білім беру саласы қызметкерлері арасында Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Зекен Рахимов атындағы V республикалық волейбол турнирі өтті. Бұған дейін бұл дода тек облыстық деңгейде ұйымдастырылып келсе, биыл алғаш рет республика көлемінде өткізілді. Ашылу рәсіміне облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев қатысып, спортшыларға сәттілік тілеп, жарыстың маңыздылығына тоқталды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл бесінші мәрте ұйымдастырылған турнир тек спорттық сайыс ғана емес, кәсіби білім беру саласының мамандары арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтып, саламатты өмір салтын кеңінен насихаттайтын айрықша шараға айналды. Алғаш рет республикалық деңгейде өткізіліп отырған додаға биыл бес облыстан 21 команда қатысып, екі күн бойы өзара мықтыны анықтады. Әрі тәжірибе алмасып, кәсіби шеберліктерін шыңдады.

– Өуелі сіздерді күні кеше «WorldSkills Kazakhstan 2025» X республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында жүлде алып келген облыстық команданың жеңісімен

құттықтаймын. Біздің команда жеңіске бір табан жетпей, жүлделі ІІІ орынмен оралды. Былтыр дәл осы чемпионаттан командамыз тек бір алтын ғана алып еді. Биыл бес алтын, жеті күміс және 14 қола жүлде алды. Бұл дегеніңіз, өңірдегі кәсіптік білім беретін оқу орындарының білім сапасының жоғары екендігінің айғағы. Жалпы, кәсіптік саланың дамуына үлкен үлес қосқан жандардың көш басында Зекен Рахымұлы тұр. Ол кісінің еңбегін сала мамандары ешқашан ұмытпайды. Әрі ешқашан ұмытылмайды да. Мен ол кісінің тәрбиесін көрдім. Сол кісіден алған білімімді, тәлім-тәрбиемді күні бүгінге дейін өмірлік жолымда қолданып



келемін, – деді Дулат Шайкенұлы.

Сонымен қатар, іс-шараның ашылуына Зекен Рахымұлының достары да келіп, естеліктерімен бөлісті.

– Біз – жақсының жақсылығын ұмыт-

• БОКС

Қос боксшымыз – финалда

Дубайда өтіп жатқан ерлер арасындағы ІВА әлем чемпионатының жартылай финалдық жекпе-жегі де аяқталды. Чемпионаттың жетінші күнінің қорытындысы бойынша ел құрамасы сапынан төрт боксшымыз ақтық кезенге жолдама алды. Ал, екі спортшы чемпионаттың қола жүлдегері атанды. Айта кетейік, ақтық кезенге жолдама алғандардың қатарында қарағандылық қос боксшы Абылайхан Жүсіпов пен Сабыржан Аққалықов та бар.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

71 келі салмақта сынға түскен жерлесіміз Абылайхан Жүсіпов жартылай финалда Қырғызстан өкілі Ихтияр Нишоновпен жұлдырықтасты. Алайда, жерлесіміз үшін бұл кездесу аса бір қиынға соққан жоқ. Қарсыласын қаптал жағалата сабап, еш мүмкіндік қалдырмады.

Айта кетейік, жерлесіміз бұған дейін үш дүркін әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған. Енді биылғы чемпионаттың ақтық кезеңіне жолдама алды. Осы жолы ақтық кезеңде Ресей боксшысы Сергей Колденковпен қолғап түйістірмек. Қарсыласы жартылай финалда түрікмен боксшысы Байрамдурды Нұрмухаммедовты жеңген болатын. Қос боксшының арасындағы кездесу ең тартысты финалдық жекпе-жектің бірі болғалы тұр.

Ал, 75 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен жерлесіміз Сабыржан Аққалыков жартылай финалда өзбек боксшысы Фазлиддин Еркінбоевпен кездесуі тиіс еді. Алайда, өзбекстандық боксшы жекпе-жек өтетін күні қолынан жарақат алып, кездесуден бас тартқан. Сәйкесінше, Сабыржанға финал жолдамасы автоматты түрде берілді. Айта кетейік, бұған дейін жерлесіміз Сейшел аралдарының боксшысы Джошуа Кузенмен, Израиль боксшысы Мирослав Капулер-Ищенкомен өткен кездесуді мерзімінен бұрын аяқтап, жартылай финалға өткен болатын. Енді ақтық кезеңде ресейлік Исмаил Мутцольговпен қолғап түйістіреді. Бұл қарсылас та осал емес. Тәжірибелі Исмаил ақтық сынға Мали спортшысы Джибрил Траорені ойсырата жеңіп шыққан болатын.

Ұлттық құрама сапында бірінші болып

ақтық кезенге жолдама алған спортшының бірі – Сәкен Бибосынов. Отандасымыз 54 келіге дейінгі салмақта жартылай финалдық бәсекеде непалдық Чандра Бахадурдіен қолғап түйістірді. Сәкен бірінші раундтан-ақ қарсыласына мүмкіндік бермей, басымдыққа ие болған. Сәйкесінше, төрешілердің бірауыз шешімімен финалдық жолдаманы еншіледі. Енді ол шешуші сында Ресей боксшысы Вячеслав Рогозинмен жұлдырықтасады.

Финалға жолдама алған төртінші боксшымыз 57 келі салмақта өнер көрсететін Оразбек Асылқұлов. Ол жартылай финалда Ресей боксшысы Андрей Пегливанянмен жұлдырықтасып, ақтық кезенге өткен еді. Енді алтын медаль үшін Тәжікстан боксшысы Хусравхон Рахимовпен кездеседі.

48 келіге дейінгі салмақ дәрежесінің жартылай финалында Қазақстан боксшысы Теміртас Жүсіпов өкінішке қарай жартылай финалдық турда сүрінді. Ресей боксшысы Эдмонд Худоянмен жұлдырықтасып, қарсыласынан айласын асыра алмады. Десе де, отандасымыз чемпионаттың қола жүлдегері атанды. Айта кетейік, Теміртас үшін бұл әлем чемпионаты оның мансабындағы екінші жаһандық сын еді. Осыдан төрт жыл бұрын Белградта өткен әлем чемпионатында алтыннан алқа таққан болатын. Бұл жолы қола жүлдемен шектелді.

Ел қоржынына екінші қоланы салған боксшымыздың бірі – Ертуған Зейнуллин. Отандасымыз 63,5 келі салмақта Ресей боксшысы Илья Поповпен күш сынасқан болатын. Өкінішке қарай, соңғы раундта қарсыласына есе жіберіп, әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

Сурет Vesti.kz

болатын. Зерек еді. Бойындағы асыл қасиеттерінің бәрін бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі етіп келеміз. Оқу мен білім бар жерде спорттың да қатар жүретіні заңды. Ал, спорт – бірлікке бастайтын күш. Сол себепті жыл сайын осы турнирге қатысушылар қатары көбейсе берсін деп тілеймін. Бұл турнир барда Зекен Рахымұлының еңбегі халық жадында мәңгі сақталмақ, – деді Зекен Рахымұлының үзегінгілес досы Аманжол Нұрбеков.

Ойындар «Жастар» спорт кешені мен Қарағанды жоғары политехникалық, «Болашақ» жоғарғы колледжі және Қарағанды көлік-технологиялық колледжі базасында өтті. Екі күн бойы командалар өз шеберліктерін сынап, мықтылар анықталды.

Турнир қорытындысы бойынша Түркістан индустриалды-құрылыс колледжінің волейболшылары топ жарды. Ал, ІІ орынға Алматы облысынан келген Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің командасы тұрақтады. Үздік үштікті Ақмола облысының жоғары аграрлық-техникалық колледжі түйіндеді.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 526 №138 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН
